



### ХАЛЫҚ СЕНИМІ

Мемлекет басшысына деген қоғамдық қолдау 86,7%-ды құрады

2

12+

# АЛДАСПАН РУХТЫ АҚЫН

## Алматыда Олжас Сүлейменовтің 90 жас мерейтойы аталып өтті

**Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды Мемлекет басшысының атынан ақын әрі қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовті 90 жас мерейтойымен құттықтады.**

Дархан Сатыбалды Қазақстанның халық жазушысының шаңырағына барып, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді.

«Сіз Қазақстанда ғана емес, халықаралық деңгейде де көрнекті ақын, терең ойлы қаламгер әрі беделді қоғам қайраткері ретінде сый-құрметке ие болдыңыз. Сіздің гуманистік идеяларыңыз ұлттық мәдениет пен қоғамдық-саяси ойдың асыл мұрасына айналып, әлемге кеңінен танылды. Бірегей шығармашылығыңыз арқылы қазақ халқының тарихи санасының жаңғыруына өлшеусіз үлес қостыңыз», – делінген Мемлекет басшысының құттықтауында.

Қала басшысы абыз ақсақалға әдебиетті, қоғамдық ой мен ядролық қаруға қарсы қозғалысты дамытуға қосқан өлшеусіз үлесі үшін алғыс білдірді. Ол қаламгердің бастамасымен құрылған «Невада–Семей» қозғалысы ядролық сынақтарға қарсы күрестің символына айналып, Семей ядролық полигонының жабылуына маңызды рөл атқарғанын жеткізді.

6



### ҚАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

# МӘДЕНИЕТ ШАМЫ СӨНБЕСІН

**Кеше Алматы музейлерінің есігі түнгі сағат 24.00-ге дейін қайқара ашық болды. Яғни қала жұртшылығы мен меймандары 18 мамыр – Халықаралық музейлер күніне орай ұйымдастырылған дәстүрлі «Музей түні – 2026» мәдени акциясына атсалысты.**



Нұржамал Әліш

Иә, кеше түнде қала көшелерін мәдениет пен өнердің жылы лебі тербеп, музейлердің шамдары түн ортасына дейін сөнбей жарқырап тұрды. «Музей түні» мәдени іс-шара ғана емес, өткен мен бүгінді жалғаған рухани кешке айналды.

Мәселен, Алматы музейінде кино және театр актрисасы, Қазақстанның халық әртісі Меруерт Өтекешованың 75 жылдығына орай «Қазақ киносының жауһары – Қыз Жібек» көрмесі ашылды. Онда «Қыз Жібек» фильмінің актерлері Құман Тас-танбеков, Асанәлі Әшімов және фильм авторлары Сұлтан Қожықов, Гүлфайрус Исмайылова, Ғабит Мүсірепов, Нұрғиса Тілендиев сынды тұлғалардың да жеке заттары ұсынылды.



БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



## САРАПТАМА

## ХАЛЫҚ СЕНІМІ

Мемлекет басшысына деген қоғамдық қолдау 86,7%-ды құрады



**Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты (ҚЗСИ) қоғамдық пікірге жүргізілген сауалнама нәтижесін жариялады. Институттың тапсырысы бойынша 2026 жылғы сәуір айында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша ел Президентіне деген сенім деңгейі 86,7% құрады. Мұндай жоғары көрсеткіш соңғы жылдары тұрақты түрде сақталуда. Бұл Мемлекет басшысының елді жаңғырту мен жүйелі реформалар бағытын ел халқының қолдайтынын айғақтайды.**

Әлеуметтанулық сауалнама ҚЗСИ тапсырысы бойынша 2026 жылғы 10 сәуір мен 10 мамыр аралығында жүргізілген. Сауалнамаға 18 жастан асқан, еліміздің 17 облысы мен республикалық маңызы бар 3 қаласының – Астана, Алматы және Шымкенттің тұрғындарынан құралған 8000 адам қатысқан.

Институттың мәліметіне сүйенсек, ең жоғары сенім деңгейі жастар мен әйелдер арасында. 18–35 жас арасындағы отандастарымыздың 91,4% Президентке сенім артады. Зерттеушілер мұндай жоғары деңгейдің тіркелуінің бірнеше себебін атап өткен. Олардың сөзінше жас буын мемлекет тарапынан ұсынылатын білім гранттары, түрлі бағдарламалар, цифрлық қызметтер және өзге де қолдау тетіктерін жиі пайдаланады. Сонымен қатар, бүгінгі жастар елдің қарқынды даму кезеңінде қалыптасып келеді. Институт мамандарының сөзінше бұл Президентке деген сенім деңгейіне де ықпал етпей қоймайтын себептер.

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, ел көшбасшысына деген сенім ерлер мен әйелдер арасында бірдей жоғары. Бірақ әйелдер арасындағы сенім деңгейі ерлермен салыстырғанда, 3,8 пайызға артығырақ. Бұл соңғы жылдардағы Президент бастамасымен жүзеге асып жатқан әйелдердің құқығын қорғау,

отбасы және ана құқығын дамыту бастамаларының оң әсері екені сөзсіз. Осы бағытта заң да қатаңдатылып, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа төзбеушілік мәдениеті қалыптасуда.

Қала тұрғындары (86,9%) мен ауыл халқы (86,7%) арасында да қолдау көрсеткіші жоғары екені анық байқалады. Зерттеушілер мұның себебін былай түсіндіреді: ауыл тұрғындары мемлекетпен инфрақұрылымдық жобалар, әлеуметтік бағдарламалар мен төлемдер арқылы тікелей байланыс орнатса, қала тұрғындарының сенімі жүйелі өзгерістерді қабылдаумен және олардың нәтижелерін бағалаумен көбірек байланысты.

Білім деңгейі тұрғысынан жүргізілген талдау Президентті қолдау көрсеткішінде елеулі айырмашылықтарды анықтаған жоқ. Респонденттердің білім деңгейіне қарамастан, бұл көрсеткіш тұрақты деңгейде сақталу-

да. Ал зерттеуден азаматтардың сатып алу қабілеті артқан сайын Президентке деген сенім деңгейі де өскенін көре аламыз. Бұл экономикалық жағдайды оң бағалау мен Мемлекет басшысының жүргізіп отырған саясатын қолдау арасындағы өзара байланысты аңғартады. Әрі мұндай жағдай әлемнің барлық елдеріне де ортақ болып келеді.

Осы уақытқа дейін өткен саяси науқандар мен әлеуметтанулық зерттеулер Президентке деген сенімнің үнемі жоғары болғанын көрсетеді. ҚЗСИ 2024 жылдың 11 мамыры мен 22 маусымы аралығында әлеуметтанулық сауалнама жүргізген. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, Қазақстан Республикасының Президентіне респонденттердің 77,1 пайызы сенім білдірген. Онда да жастар сенімі ең жоғары болған еді (81,9%). Биыл бұл көрсеткіш 91,4%-ға өскен. Мемлекет

басшысына сенім деңгейі ауыл тұрғындары (79,6%) және қала тұрғындары (75,4%), әйелдер (79%) және ерлер (74,9%) арасында шамамен бірдей болған. Бұл көрсеткіштер де биылғы сауалнамада арта түскенін атап өткен жөн.

Азаматтар сенімінің жоғары әрі тұрақты түрде өскенін 2025 жылғы сауалнама нәтижесі де көрсеткен. Қазан айында жүргізілген сауалнамада Қасым-Жомарт Тоқаевқа сенім деңгейі 86% болды бұл көрсеткіш араға 6 ай салып 86,7%-ға өскенін байқаймыз. Мемлекеттік тұрғыда санаулы уақыт ішіндегі тіркелген 0,7%-дық өсім жоғары деңгей болып саналады. Бұдан бөлек, 2025 жылы да жастардың арасында қолдаудың жоғары болған атап өткеніміз жөн.

2019 және 2022 жылдары өткен кезектен тыс Президент сайлауларында да Қасым-Жомарт Тоқаевқа деген сенім деңгейі жоғары болды әрі өсіп отырған. 2019 жылы сайлауға қатысқан азаматтарымыздың 71%-ға жуығы Президентке дауыс берген болса, 2022 жылғы сайлауда бұл көрсеткіш 81%-дан асқан.

Жалпы, кейінгі жылдардағы сайлау нәтижелері мен әлеуметтанулық зерттеулер Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа деген қоғамдық сенімнің тұрақты түрде жоғары деңгейде сақталып қана қоймай, біртіндеп өсіп келе жатқанын көрсетеді. Әсіресе, жастар арасындағы қолдаудың артуы, сондай-ақ қала мен ауыл тұрғындары, ерлер мен әйелдер арасындағы сенім көрсеткіштерінің біркелкі жоғары болуы қоғамдағы саяси тұрақтылық пен мемлекеттік реформаларға деген қолдаудың айқын көрінісі ретінде бағалануда.

**Пердехан ШӘМШИЕВ,**  
сарапшы.

(Дереккөз: Akorda.kz).

## ЗЕРДЕЛІ ҰЛТ

## ОҚИТЫН ҚОҒАМ – ОЙЛЫ ҚОҒАМ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды. Ресми құжат адам капиталды дамыту, қоғамның зияткерлік және мәдени әлеуетін нығайту, білім беру, тәрбиелеу және оқу-ағарту ісінің негізгі элементі ретінде кітап оқу мәдениетін насихаттау, зерделі ұлт қалыптастыру, сондай-ақ шығармашыл, жасампаз және бәсекеге қабілетті тұлғаны дамыту үшін жағдай жасауға бағытталған.**

2027–2031 жылдарға арналған «Зерделі ұлт» тұжырымдамасы бекітілуі тиіс.

Жарлық аясында 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін «Кітапхана және кітап шығару ісі туралы» жаңа заң жобасы әзірленеді. Сондай-ақ, кітап оқу мәдениетін дамытудағы жетістіктер үшін Ұлттық сыйлық тағайындау және бірыңғай қолжетімді Ұлттық цифрлық кітапхана платформасын құру жоспарланған. Мемлекет басшысының «кітап оқитын ұлт» қалыптастыруға бағытталған бастамасы қоғамда кең қолдау тапты. Бұл – қатардағы мәдени науқан емес, ұлттың рухани сапасын арттыруға арналған стратегиялық қадам.

Адам баласы өмір бойы ізденіс үстінде жүреді. Кейде өзін қоршаған ортадан да түсіністік таппай, ой қосатын басқа серік іздеуі де әбден мүмкін. Осындай сәтте оған кәдімгі кітап үнсіз кеңесші, сырлас, дос бола алады. Кітап оқыған жанның ой-өрісі кеңейіп, дүниетанымы байиды. Ондағы кейіпкерлер адам бойына адамгершілік, қайырымдылық, мейірім дәннің себуге де қауқарлы.

Қазақ халқы ежелден сөзді, кітапты, «кітап адамдарды» қадірлей білген. Ұрпағын батырлар жырымен, аңыз-әфсаналармен тәрбиелеген. Ұлт зиялыларының барлығы

дерлік кітаптың құдіретін ерекше бағалаған. Себебі, кітап оқитын қоғам – ойлайтын қоғам. Ал ойлайтын қоғам ғана дамиды, алға жылжиды.

Қазіргі күні мектеп, колледж, жоғары оқу орындарын айтпағанда, әскери борышын өтеп жүрген жас сарбаздардың да кітап оқуға міндеттелуі – өте орынды бастама. Әскер тек қару ұстауды үйрететін орын емес, ол – тәртіп мектебі, азаматтық жауапкершілік пен рухани шыңдалу алаңы. Кітап оқитын сарбаздың ойлау деңгейі де өзгеше болады. Ол сабырлы, байыпты шешім қабылдауға бейім келеді. Әдеби шығармалар арқылы жауынгерлік рух, елге деген сүйіспеншілік, ерлік пен адалдық қасиеттері қалыптасады. Әсіресе, әскери өмірде психологиялық тұрақтылық аса маңызды. Бұл тұрғыда кітап адамның ішкі жан-дүниесін байытып, рухани демеу береді.

Қоғамның мәдени деңгейі кітап оқумен өлшенеді. Егер жастар кітапқа жақын болса, елдің ертеңі де нық болады. Өйткені, кітап адамды тек білімді емес, парасатты етеді. Парасатты ұрпақ әділ қоғам құрады.

Қазір кітап оқитын бала бар ма өзі деп жатады. Бар, әрине. Олардың санын әлі де көбейту үшін Алматыда 24/7 режимінде жұмыс істейтін кітапхана саны ұлғайып келеді. Бүгінде олардың саны 7-еу. Бәрінде де электронды оқу залдары, өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары және заманауи оқу кеңістіктері бар. Күндіз оқуда, жұмыста жүретін жастар үшін бұл үлкен мүмкіндік ол. Тек оқуға ынта болса жеткілікті.

Бүгінде кітапханалардың трансформациялануы, түрлі әдеби жобалардың көбеюі, оқырман клубтарының ашылуы – игі өзгерістердің белгісі. Бірақ кітап оқуды міндет ретінде емес, өмірлік қажеттілік ретінде қабылдау маңызды. Сонда ғана бұл бастамалар нәтижелі болмақ.

Кітап – адамзаттың ең сенімді рухани қазынасы. Ол адамның жанын тәрбиелейді, санасын оятады, өмірге деген көзқарасын өзгертеді. Қандай заманда болмасын кітаптың құны төмендемейді. Сондықтан кітап оқуды насихаттау – ұлт болашағына салынған инвестиция.

## ӨРТТЕН АМАН ҚАЛҒАН БІР КІТАП

*Ежелгі заманда бір үлкен кітапхана өртеніп кетеді. Барлық кітап жанып жатқанда, бір қарт кішкентай ғана кітапты құшақтап, сыртқа алып шығады. Адамдар:*

– *Неге дәл осы кітапты алып шықтыңыз? – деп сұрайды. Сонда қария:*  
– *Өйткені, мұнда «адам қалай адам болып қалады» деген жауап бар, – деген екен. Содан бері «бір кітап кейде мың ғимараттан да қымбат» деген сөз қалған екен.*

## ТҮНДЕ «СӨЙЛЕЙТІН» КІТАПТАР

*Шығыс аңыздарының бірінде былай айтылады. Кітапхана жабылған соң, түнде кітаптар өзара сөйлеседі екен. Көп оқылған кітаптар қуанып:*

– *Бүгін тағы бір адамның ойын өзгерттік, – дейді.*  
*Ал ешкім ашпаған кітаптар үнсіз қалады екен. Сондықтан кейбір елдерде «ашылмаған кітап – жабық есікпен бірдей» деген сөз бар.*

## ЖАС АБАЙ

*Жас Абай медреседе оқып жүргенде қолына түскен кітаптарды түнде шам жарығымен оқиды екен. Бір күні анасы:*

– *Көзіңді құртасың ғой, – дейді жан ашып. Сонда Абай:*  
– *Көз кетсе де, көңіл оянсын, – деп жауап беріпті деген әңгіме бар.*  
*Тарихи дәлдігі белгісіз, бірақ халық Абайдың білімге құмарлығын осылай бейнелеген.*

**Нұржамал**  
**ӘЛІШ**

Президент мәдениет, білім беру және инновация салаларындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын айқындады. Олардың қатарында кітап оқу мәдениетін дамыту, жаңа форматтағы кітапханалар мен қоғамдық кеңістіктер құру, цифрлық құралдарды кеңінен енгізу, отандық жазушылар мен ақындарды қолдау, баспа ісі мен кітап тарату саласын ынталандыру, ұлттық әдеби мұраны ел ішінде және шетелде насихаттау бар.

Үкіметке балалар мен жастар арасында кітап оқуға тұрақты қызығушылық қалыптастыру, оқырман инфрақұрылымын жаңғырту, ұлттық әдебиетті сапалы аудару және кең аудиторияға тарату бойынша нақты тапсырмалар берілді. Сонымен қатар, биылғы 1 қыркүйекке дейін «Жылдың 10 оқырманы» республикалық жобасын іске қосу көзделіп отыр. Ал жыл соңына дейін кітап оқу мәдениеті мен кітап ісін насихаттауға арналған



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

## ҰЛТТЫҚ ЖОБА

## «АБАЙ ҰЛТТЫҚ МЕКТЕБІ» АШЫЛДЫ

**Алматыда елдің зияткерлік білім беру жүйесіндегі маңызды жобалардың бірі – «Абай Ұлттық мектебі» жаңа кампусының салтанатты ашылуы өтті. Жаңа мектептің ашылу салтанатына ҚР Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев, Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды, ҚР Мәжілісі мен Сенаты депутаттары және мектеп тұлғалары қатысты.**

Жиын барысында Сенат спикері мемлекет тарапынан білім беру саласына ерекше көңіл бөлініп отырғанын айта келіп, жасалып жатқан реформалардың маңызына тоқталды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев елімізде білім сапасын арттыруға назар аударып, бұл жөнінде үнемі айтып келеді. Бұл Әділетті Қазақстан қалыптастыру жолындағы ең маңызды бағыттардың

бірі. Мемлекет басшысы атап өткендей, жаһандану дәуірінде озық білімді игерген елдің болашағы жарқын болады. Сондықтан Президент тапсырмасымен соңғы жылдарда бұл бағытта ауқымды жұмыс атқарылуда. «Абай Ұлттық мектебінің» жаңа деңгейге көтерілуі де сол кешенді жұмыстың нәтижесі», – деді Мәулен Әшімбаев.

Тарихта №2 мектеп-интернаты деген атауымен танылған атақты Абай мектебінің қабырғасы 1957 жылы қаланып, Алматының тау бөктерінде ашылған еді. Уақыт өте түрлі себептермен мектептің тарихи аумағы тарылып, кеңістігі бөлшектенді. Дегенмен, білім ордасы елдің зияткерлік элитасын тәрбиелеу миссиясынан айныған жоқ. Еліміздің түкпір-түкпірінен дарындыларды біріктіру – осынау білім ордасының құрылғаннан бергі ең негізгі ерекшелігі саналады.

Оқушылар арнайы іріктеу кезеңдері арқылы таңда-

лып, өз қабілеттері мен білім деңгейін көрсеткен. Мұнда оқушылар гуманитарлық пәндермен қатар жаратылыстану ғылымдарын, дипломатия негіздерін және заманауи технологияларды меңгереді. Қазіргі таңда мектепте 351 оқушы білім алып жатыр. Салтанатты жиында Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова жаңа кешеннің дарынды балалар үшін зор мүмкіндік беретінін айтты.

– Бұл – 900 балаға арналған үлкен білім кеңістігі. Оған қоса, интернат салынып жатыр. Алдағы кезеңдерде жузу бассейні мен ірі STEM-лаборатория бой көтереді, – деді министр.

Алдағы уақытта бұл мектеп еліміздегі үздік білім беру орталықтарының біріне айналады деп күтілуде. Бұл бастама арқылы ұлттық тәрбие мен сапалы білім ұштасып, ел болашағына қызмет ететін жаңа қалыптасады деген сенім мол. Іс-шара соңында қонақтар мектеп ғимаратын аралап, оқу процесіне арналған жаңа мүмкіндіктермен танысты. Көпшілік бұл білім ордасы тек Алматы қаласы үшін ғана емес, бүкіл елдің білім жүйесіне серпін беретін маңызды жоба болатынын атап өтті.

## МЕРЕЙТОЙ



## ЖҮЗ ЖЫЛ ЖАНҒАН ШЫРАҚ

**Биыл қазақ білімінің қарашаңы-Брақтарының бірі – Ғабиден Мұстафин атындағы №191 мектепке 100 жыл толып отыр. Осынау айтулы оқиғаға орай «Ғасырлық тарих – сапалы білім, жарқын болашақ» атты тағылымды іс-шара өтті. Мектептің ғасырлық белесін айшықтаған бұл маңызды жиын білім мен тәрбие саласындағы жетістіктерді дәріптеуге, өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруге бағытталды.**

Салтанатты жиын сөз зергері, қайталанбас қаламгер Ғабиден Мұстафинге арналған мұражайдың ашылуымен басталды. Осынау тебіреністі сәттің куәсі болған жазушының немересі Аманкелді Құрманғалиев өзінің толғанысын жасыра алмады.

Іс-шара барысында мектептің қалыптасу кезеңдері мен жеткен жетістіктері кеңінен таныстырылды. Ғасырлық тарихы бар білім ордасының ел болашағын тәрбиелеудегі орны ерекше екені айтылып, білім мен тәрбие беру жолындағы табанды еңбектер мен жарқын нәтижелер сөз болды.

Мектептің әр жылдардағы тұлғалары, ұстаздар қауымы және қонақтар оқу орнының өткені мен бүгін туралы жылы естеліктерімен бөлісті. «Ғасырлық тарих – сапалы білім, жарқын болашақ» атты іс-шара осы бағыттағы игі істердің жалғасы ретінде көпшіліктің жүрегінен орын алды.

Мерекелік бағдарлама аясында оқу-

шылардың қатысуымен концерттік қойылымдар, әдеби-музыкалық композициялар және шығармашылық өнер көрсетілімдері көпшілік көңілінен шықты. Іс-шара барысында білім саласындағы жаңашыл бастамалар, сапалы білім берудің маңызы және болашақ ұрпақты тәрбиелеудегі ұстаздардың жауапкершілігі де ерекше аталды.

– Ғасырлық тарихы бар білім ошағы – еліміздің рухани және мәдени мұрасының ажырамас бөлігі. Осынау білім ордасы әлі де талай буынды тәрбиелеп, сан мыңдаған шәкірттің үлкен өмірге жолдама алуына ықпал етері сөзсіз, – дейді мектеп басшысы Бақытнұр Мәденқызы.

Ғасыр жасаған мектепте оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруға және жаңа технологияларды меңгеруіне басымдық берілуде. Қазіргі цифрлық дәуір талаптарына сәйкес заманауи құралдар қолданылып, оқыту үрдісіне инновациялық әдістер енгізілуде. Ғасырлық тарихы бар білім ордасының басты мақсаты – заман талабына сай білімді, саналы, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу.

Сондықтан жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру – қоғам алдындағы маңызды міндеттердің бірі болса, өткеннің тағылымын сақтай отырып, болашаққа сеніммен қадам басқан білім ұясы да ел дамуының берік негізі болып қала береді. Өйткені, білімді ұрпақ – жарқын болашақтың басты кепілі.

## АКЦИЯ

## Қайырымдылық халықты біріктіреді

**Көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға қолдау көрсетілді. Қайырымдылық акциясын «Жомарт жан» орталығы мен Ақсақалдар кеңесі ұйымдастырды. Акция барысында мұқтаж отбасыларға азық-түлік себеттері мен күнделікті тұрмысқа қажетті заттар таратылды.**

Іс-шараға ұйытқы болған «Қазақстан ұйғырларының республикалық этномәдени орталығы» қоғамдық бірлестігі жанындағы «Жомарт жан» орталығының төрағасы Долқунтай Әлиев мұндай қайырымдылық жасау ұйым қызметінің маңызды бағыты екенін атап өтті.

– Біз үнемі көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға, сондай-ақ зейнеткерлерге қолдау көрсетеміз. Әрі бұл жұмысымызды көбіне жариялай да

бермейміз. Біз үшін ең бастысы – адамдардың алғысын алып, олардың жүзіндегі қуанышты көру, – дейді Долқунтай Әлиев.

Іс-шара аясында «Metall Prom Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметкерлеріне интеллектуалдық ойын кабинеті ашылды. Енді кәсіпорын қызметкерлері бос уақытында ұлттық зияткерлік ойын – «Тоғыз-құмалақ» ойнап, уақыттарын тиімді өткізетін болады.

«Мұрас» қырғыз этномәдени бірлестігінің төрағасы Манас Ташибеков мұндай іс-шаралардың қоғам үшін маңызы зор екенін айтып, осындай бастамалар достық пен ынтымақты нығайтатынын айрықша атап өтті.

Ұйымдастырушылар алдағы уақытта да қайырымдылық акцияларын тұрақты түрде өткізіп, мұқтаж жандарға қолдау көрсетуді жалғастыратынын жеткізді.

## ФОРУМ

## Өнер мен технология үйлесімі

**Алматыдағы №199 мамандандырылған гимназияда «Заманауи білім беру кеңістігіндегі өнер және технология: мүмкіндіктері және дамудың жаңа бағыттары» атты халықаралық форум өтті. Іс-шараны Білім басқармасының «Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығы» мен «Көркем еңбек» пәні мұғалімдерінің қауымдастығы ұйымдастырды.**

Форумға Италия, Қытай және Орталық Азия елдерінің сарапшылары қатысып, цифрлық технологиялардың көркемөнер білімін қалай өзгертіп жатқанын талқылады.

Форумға Астана, Ақтөбе, Ақтау және еліміздің басқа да өңірлерінен қатысқан өкілдер өздерінің бірегей жаңалықтары туралы жан-жақты айтып берсе, итальяндық сәулетші Андрэа Серафини кейбір тақырыптардың күр-

делілігіне қарамастан, заманауи қазақстандық мектептер елдің жалпы технологиялық дамуының драйверіне айналуы тиіс деген қорытындыға келгенін жасырмады.

Екі күнге созылған форум аясында пленарлық отырыстар, шеберлік сабақтары, интерактивті алаңдар мен тәжірибе алмасу сессиялары өтті. Қатысушылар білім беру жүйесінде өнер мен технологияны ұштастыру, цифрлық құралдарды тиімді пайдалану және оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту мәселелеріне назар аударды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл форум халықаралық тәжірибе алмасуға, жаңа серіктестіктер орнатуға және инновациялық жобаларды дамытуға мүмкіндік берген маңызды алаңға айналды.

## ҚАРЖЫ

Аяжан  
СЕРІКҚЫЗЫ

(Сурет: ЖИ).

**2025 жылдың қорытындысы бойынша Алматы экономикасына тартылған инвестиция көлемі рекордтық деңгейге жетті. Қалаға 2,3 трлн. теңге инвестиция құйылып, тікелей шетелдік инвестиция көлемі 8,5 млрд. АҚШ долларын құрады. Бұл Алматының Орталық Азиядағы ірі инвестициялық және іскерлік орталық ретіндегі позициясын нығайтып отырғанын көрсетеді.**

# ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯ АРТТЫ

Шетелдік инвестицияның негізгі бөлігі көтерме және бөлшек сауда саласына, соның ішінде автомобиль мен мотоциклді жөндеуге бағытталды. Атап айтсақ, бұл 4 млрд. АҚШ доллары немесе жалпы көлемнің 47%-ы.

Қаржы және сақтандыру қызметі – 1,3 млрд. АҚШ доллары (15,5%), ақпарат және байланыс саласы – 1,2 млрд. АҚШ доллары (14%), сондай-ақ көлік және қойма саласы – 646 млн. АҚШ доллары (7,5%) көлемінде болды.

Қалаға шетелдік инвестициялар негізінен Ресей, Нидерланд, Оңтүстік

Корея, Бельгия және Қытай серіктестері есебінен қамтамасыз етіледі.

2026 жылы да қаладағы инвестициялық белсенділік сақталуда. Қаңтар-наурыз айлары аралығында инвестиция көлемі 373 млрд. теңге болды.

Сонымен қатар, инвестициялық салымдардың құрылымы да өзгеріп келеді. Бұрын инвестицияның негізгі бөлігі құрылыс секторына тиесілі болса, бүгінде жабдықтар саудасы мен технологиялық жаңғырту салаларында оң динамика байқалады. 2026 жылдың басындағы жағдай бойынша осы бағыттағы инвестицияның үлесі 66%-ға жетті. Бұл

өндірістік сектордағы инвестициялық белсенділіктің артқанын көрсетеді.

Биыл ақпан айында инвестицияның ең жоғары көлемі ақпараттық технология және байланыс саласында тіркелді. Бұл шамамен, 39 млрд. теңге немесе бір айдағы жалпы инвестиция көлемінің 30%-дан астамы.

Бүгінде Алматы жоғары инвестициялық белсенділігін сақтап, Орталық Азиядағы бизнесті тартатын негізгі орталықтардың бірі ретінде қалыптасып келеді.

Қаланың инвестициялық және экономикалық тұрақтылығының негізгі факторлары – дамыған инфрақұрылым, Индустриялық аймақ және бизнеске салықтық әрі кедендік жеңілдіктер ұсынатын «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағы.

## ҚОНАҚЖАЙ ҚАЛА

# ТУРИСТІК ЖОБАЛАР ТАЛҚЫСЫ

**«Тұран» университеті алаңында Алматыдағы таулы аймақтарды дамытуға арналған ауқымды кездесу өтті.**

Дана  
САДЫРҚАН

Іс-шараға Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшелері, «Almaty Azamattyq Alliance» заңды тұлғалар бірлестігі, «Жастар Үні» қоғамдық қоры, «Reliance» қоғамдық қоры, «Жанашыр» халықаралық қайырымдылық қоры, «Адам және қоғам» үкіметтік емес ұйымы және өзге де ұйымдардың өкілдері қатысты. Кездесу барысында қала үшін маңызды екі ірі бастама – Алматы тау кластері және «Almaty Superski» жобалары таныстырылды.

Жиынды «Almaty Azamattyq Alliance» заңды тұлғалар бірлестігінің төрағасы Нұржан Жақыпов ашып, таулы аймақтарды жүйелі әрі тұрақты дамыту мәселесіне тоқталды. Оның айтуынша, мұндай жобалар қаланың туристік әлеуетін арттырып, экономикаға серпін береді. Сонымен бірге, жобаларды жүзеге асыруда экология, қоғамдық пікір және жергілікті тұрғындардың мүддесі ескерілуі қажет екенін айты.

Алғашқы болып «Almaty Tau Management» компаниясы басқарма төрағасының орынбасары Александр Руденко Алматы тау кластері жобасын таныстырды. Оның сөзінше, Алматының табиғи әлеуеті әлемдік деңгейдегі тау туризмін дамытуға мүмкіндік береді. Жобаға Австрия, Франция және Эстониядан халықаралық сарапшылар тартылып, нәтижесінде француз компаниясының концепциясы таңдалған. Жоспар бойынша «Шымбұлақ» пен «Ой-Қағдай» курорттары Кимасар, Бұтақты шатқалдары және «Pioneer» базасы арқылы біртұтас туристік жүйеге біріктіріледі.

Спикер кеңес дәуірінен қалған «Pioneer» базасындағы жабдықтардың әлі күнге дейін жұмыс істеп тұрғанын айтып, жоба аясында бұл аумақ заманауи әрі жыл бойы қызмет көрсететін



Суретті түсірген Қ. ҚОНЫСБАЕВ.

демалыс кеңістігіне айналатынын жеткізді. Сондай-ақ, мұнда қар көшкінінен қорғайтын қауіпсіздік жүйелері орнатылады.

Кездесуде таныстырылған екінші бастама – «Almaty Superski» жобасы. Оны «Kazakh Tourism Development Ltd» компаниясының мемлекеттік органдармен жұмыс жөніндегі директоры Марғұл Байғұжин таныстырды. Спикердің айтуынша, жоба Алматыны Орталық Азиядағы ірі тау-шаңғы туризмі орталығына айналдыруды көздейді.

Жоспар бойынша, 60 шақырым тау шаңғысы трассасы салынып, 17 аспалы көтергіш орнатылады. Инфрақұрылым күніне 10 мың турист қабылдауға бейімделген. Сонымен қатар, жоба аясында жазғы туризм – хайкинг, велотуризм, маунтинбайк бағыттарын дамыту қарастырылған.

Марғұл Байғұжиннің сөзінше, жобаның басты мақсаты – Алматы тауларында халықаралық стандарттарға сай заманауи әрі қауіпсіз туристік экожүйе қалыптастыру. Оның ішінде бірыңғай қауіпсіздік жүйесі, туристік ағынды басқару және сервистік инфрақұрылымды дамыту мәселелері қамтылған.

Кездесуде экологиялық тұрақтылық мәселесі де талқыланды. Жобаларды әзірлеу кезінде ғылыми институттармен

бірілескен зерттеулер жүргізілгені айтылды. Мамандардың пікірінше, ұйымдастырылған туристік инфрақұрылым бейберекет туризмнің алдын алып, таулы экожүйеге түсетін антропогендік жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.

Қалалық қоғамдық кеңес мүшесі, физик әрі ядролық маман Ермек Қожамсүгіров бұл бастаманың стратегиялық маңызына тоқталып, оның көлік, энергетика, су инфрақұрылымы және білім беру салаларына да оң әсер ететінін айтты. Сондай-ақ, халықаралық жобалар Алматының инвестициялық тартымдылығын арттыра түсетінін жеткізді.

Жоспарға сәйкес Алматы тау кластері аясында тау шаңғысы трассалары мен аспалы жолдардың ұзындығы 150 шақырымға дейін ұлғаяды. Алғашқы кезеңде 700 тұрақты жұмыс орны ашылып, кейін бұл көрсеткіш 10 мың адамға дейін жетуі мүмкін.

Сарапшылардың пікірінше, жобалар қонақүй бизнесі, қоғамдық тамақтану, гид қызметі, көлік және спорттық жабдықтарды жалға беру салаларының дамуына жол ашады. Егер бастамалар толық жүзеге асса, Алматы Орталық Азиядағы халықаралық деңгейдегі ірі туристік орталықтардың біріне айналуы мүмкін.

## БРИФИНГ

# ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕ

**Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында цифрлық теңгені енгізудің болашағына қатысты жасалған зерттеу таныстырылды. Цифрлық теңге жүйесі департаментінің сарапшылары Axellest компаниясының өкілдерімен бірлесіп, цифрлық валютаның экономикаға, бизнес пен халықтың күнделікті есеп айырысқанына қалай әсер ететінін баяндап берді.**



«Орталық банктің цифрлық валютасы: жаһандық сын-қатерден Қазақстанда іске асқанға дейінгі кезеңі» атты зерттеу халықаралық тәжірибені жинақтап, енгізудің бета-лысын бағалайды.

Бүгінде әлемдік ЖІӨ-і 98%-дан асатын 100-ге жуық ел орталық банктің цифрлық валютасын зерттеп, онымен бірге сынақтан да өткізіп жатыр. Бұл мұндай құралдардың жаһандық қаржы жүйесінің маңызды бөлігіне айналып келе жатқанын көрсетеді.

Қазақстан цифрлық теңгені қаржы саласындағы тәуелсіздік пен төлем инфрақұрылымын жаңғыртатын құрал ретінде қарастырып отыр. Мемлекет үшін бұл – бюджет шығысын ашық ету, салықты автоматтандыру мен көлеңкелі экономиканы қысқартуға мол мүмкіндік. Цифрлық валюта бизнестегілердің шығынын азайтып, мемлекетпен байланысын жеңілдетуі мүмкін, қаражатты қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, қаржылық қызметтерге, соның ішінде офлайн-төлемдерге қолжетімділікті де арттыра түспек.

«Цифрлық теңгені енгізудің негізгі қиындығы технологияға ғана тіреліп тұрған жоқ, сонымен қатар нарық қатысушыларының дайындығына да тәуелді. Қазіргі кезде халық пен бизнес арасында ақпараттану деңгейі төмен, сондай-ақ бұл банктер тарапынан елеулі инвестицияны да қажет етеді. Сондай-ақ, цифрлық теңгені сынақ кезеңінен өткізудің құралға айналуы үшін қалай қолданылатынын да айқындап алуымыз керек», – деді Цифрлық теңге жүйесі департаментінің бас қызметкері Руслан Қоңырбаев.

Цифрлық теңгені ҚҚС қайтаруды автоматтандырып, бюджет ақшасының тиімді жұмсалымын бақылап, субсидия мен әлеуметтік төлемді жүзеге асыруға пайдаланып қалуы бек мүмкін. Сонымен қатар, смарт-келісімшарттарды қолданып, мемлекеттік келісімшарттар бойынша міндеттемені орындалуын растау арқылы есеп айырысу жағы да қарастырылып жатыр екен.

«Біз цифрлық теңгені болашақ цифрлық экономиканың инфрақұрылымының негізі ретінде қарастырамыз. Ол қаржы ағынын ашық ете түсіп, мемлекеттің, бизнес пен азаматтардың арасындағы өзара іс-қимылды жеңілдетеді», – деп атап өтті Цифрлық теңге жүйесі департаментінің бас сарапшысы Анар Талқамбаева.

Зерттеу авторлары цифрлық теңгені сәтті енгізу мемлекет, банктер, бизнес пен пайдаланушылар арасындағы тығыз байланыс болған жағдайда ғана мүмкін екенін атап өтті. Мұндай тәсіл жаңа ақшаны енгізіп қана қоймай, елдің толыққанды цифрлық қаржы экожүйесін қалыптастыруға сеп болмақ.

Дана БОЛАТҚЫЗЫ



## ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҒҒЫРЫҒЫ

10 Алматы  
№20 (6582) 4 мамыр, 2025 жыл

ЗЕРДЕ alatauaqparat@gmail.com

ЖЕҢІС ЖАҒЫНҒЕРІ

## ЕРЛІГІ ЕЛЕНБЕГЕН ҚАЗАҚ

Берлин Ратушасына ту тіккен Кенжебай Мәденов туралы не білеміз?



дивизионының 170-гвардиялық атқыштар полкінің гүлмет бөлімшесінің командирі болып Кривой Рог түбіндегі шайқасқа қатысты. 1944 жылы қарашадан бастап, 1-Белоруссиялық майданда 5-екпінді армия, 265-атқыштар дивизионының, 1008-атқыштар полкі, 2-батальон ротасының 5-атқыштар взводна басшылық етті. Украинаны (Днепр өзені), Молдавия ауылған (Ясса-Кишиневтік операция), Польшаны, оның астанасы Варшаваны, Германияны (Висла-Одерлік операция) азат ету бойынша әскери шабуылдардың және Берлин шабуылының (Берлиндік операция) қатысушысы.

Ратушадай зәулім қорғанын ішінде талай сағатқа созылған қолма-қол шайқаста «Империал көнесі» жұлдан тұлға газарылды да, лейтенант Мәденис Ратушаның төбесіне өз қолымен Жеңіс туын қалдырды. Академик М. Қозыбаевтың «Қазақстан



таг төрелерінің біріне алғашқылардың бірі болып алқалып Жеңіс туын жолбертті, ал Орталық мұражай жас офицері К. Мәденов 1008-атқыштар полкінің туын Берлин ратушасына төбесіне тітті», деп жазды. Демек, аға лейтенант Кенжебай Мәденовтің Ратушаға алғаш шабуыл жасап оны бағындырып, ту тіккені туралы деректер мен айғақтар оның ерлігі растайды.

**Былтыр ұлықталған Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында «Алматы ақшамы» газетінде текті қазақ перзенті, қахарман бабамыз, ер Махамбет батырдың кіндігінен тараған ұрпағы Кенжебай Мәденұлы Мәденов жайлы бас мақала жарияға шықты. Материалдың маңызы да, салмағы да ересен еді. Негізгі желісінде қахарман қазан – Кенжебай Мәденовтің өрлігімен бірге өрілген ғұмырбаяны сөз етіліп, ескерусіз қалған ерлігі жайлы таңбаланды.**

## ЕРЛІК ЕЛЕНДІ

қаны тарих тасасында қалған атамыз жайлы айтылған сөздерге де бас шұлғып, мақұлдасқан едік. Онда «Кенжебай Мәденовтің туғанына 100 жыл және Ұлы Жеңістің 80 жыл толуына орай, ерлігі еленбеген қазақ батырына Мемлекеттің ең жоғарғы наградасы «ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫН» беру лайықты деп білеміз» деп жазылған еді.

Турасында, бір біздің ғана емес, қалың қазақтың көкейінде жүрген көп арманның бірі бүгінде шындыққа ұласты. Бабамыздың ұзақ жылдар бойы мойындалмай, ескерілмей келген ерлігі бағаланып, біздің басылымның бедеріне таңбаға түсіп, кейін қоғам ойына қозғау салған салмақты сөздің сәулесі көпшілікке жетті. Міне, биыл ақжолтай хабар да айтылды. Алдымен сөзді батырдың ерлік ғұмырына бағыттайық.

## Жасындай жауға кірген...

Кенжебай Мәденов 1925 жылы Батыс Қазақстан облысында дүниеге келген. Ол – қазақтың рухын асқақтатқан дауылпаз ақын Махамбет Өтемісұлының тікелей ұрпағы. Кенжебай 18 жасқа толмай жатып, 1943 жылдың басында өз еркімен майданға аттанады. Сол жылы қарашада Краснохолмск жоғары жаяу-әскерлер училищесінің командирлерді дайындау бойынша курсы аяқтап, 3-Ук-раина майданында Кривой Рог түбіндегі шайқасқа қатысты. 1944 жылы қарашадан бастап, 1-Белоруссиялық майданда атқыштар взводна басшылық етті. Украинаны, Молдавия аумағын, Варшаваны, Германияны азат ету шайқастарына қатысты.

1945 жылдың мамыр айы. Берлин үшін шешуші шайқас. Неміс фашистерінің Рейхстагтан кейінгі ең басты стратегиялық орталығы – «Қызыл Ратуша» (Rotes Rathaus) еді. Ол кезде бұл ғимаратта фа-

бірінші болып басып кіргенін жарыса жазды. Алайда, сол кездегі идеологиялық шектеулер мен тарихи жағдайларға байланысты бұл ерлік тиісті деңгейде бағаланбады. Батырдың есімі тек тар шеңбердегі ғылыми еңбектер мен естеліктерде ғана айтылып келді.

## Ақжолтай ақпарат

«Алматы ақшамында» қайталай көтеріліп, қоғам ойына тағы да қозғау салған мәселенің игі хабар да айтылды. Тарихи әділеттілік тұрғысынан батырдың ұзақ жылдар бойы мойындалмай келген ерлігін ресми бағасын алды. Мемлекет басшысының Жарлығымен Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі мен батылдығы үшін Ұлы Отан соғысына қатысушы Кенжебай Мәденұлы Мәденовке (марқұм) «Халық қаһарманы» атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі – «Алтын жұлдыз» бен «Отан» ордені тапсырылды.

Осы жаңалықты мақала авторы Абай

Дастан  
ҚАСТАЙ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті, п.ғ.к. Абай Дүйсенов жолдаған мақалаға көз жүгірткенде, тарихи шындыққа жаршы болу міндетіміз деп білген едік. Тұғырлы іс, маңызды мінберге шық-

## НАҚТЫ СЕКТОР

**Сәулет өнерінің озық туындыларын тасқа Сайналған музыкаға теңеп жатады. Сәулетті музыкаға әуелетіп тұрған тағы бір серігі бар, оның аты құрылыс ұстасы – кәсіби инженерлік. Сәулет пен инженерлік ұсталық үндестік тапқанда ғана жанарыңды жаулап алатын ғажайып туынды дүниеге келеді.**

Ежелгі сәулет туындыларын суыртпақтап, бүгінгі ұрпаққа жеткізген ата сәулет зертеушілері мен инженер құрылысшылардың еңбегі ұшан-теңіз. Олардың көшбасында Малбағар Меңдіқұлов, Әлкей Марғұлан, Төлеу Бәсенов, Нұрғазы Оразымбетов, т.б. болды. Олар қазақ сәулет-құрылыс ғылымының іргетасын қалап, оның төл тіліміздегі терминін қалыптастыруға басшылық етті. Әлкей «мық» (фундамент), Төлеу Құлшаманұлы «қасбет» (фасад), «дөдеге» (фриз) секілді көптеген терминдерді Қазақ Совет Энциклопедиясын жазу кезінде алғаш рет қолданды.

Сол аға буын салып кеткен жолмен қазақ сәулет-құрылыс өнерін өркениетті елдер деңгейіне көтерген, әлемді аузына қаратқан жапон және британ сәулетшілері Кисе Курокава, Норман Фостермен пікір таластыра алатын кәсіби мамандық иелері қалыптасты. Ару Алматы мен сән-салтанатты Астананы нұрға бөлеп тұрған сәулет туындыларының дені өз зергер-ұсталарымыздың қолынан шыққан.

## Мерейлі білім ордасы

Бүгінде сәулетшілер мен құрылыс инженерлерінің білім ордасы – Қазақ бас сәулет-құрылыс университеті 45 жылдық мерейлі жасын тойлап отыр. Еліміздің өзіндік сәулет келбетін қалыптастыру және қала құрылысын дамытумен тікелей айналысып отырған университет, мамандандырылған жоғары оқу орнынан мыңдаған кәсіби шеберлерді шыңдаған танымал білім ордасына әрі ірі ғылыми орталыққа айналды. Республикада қала құрылысының қарқынды даму негізінде құрылған университет кәсіби сәулетшілер, инженерлер мен құрылысшылар қатарын нығайтып, толықтырды.

Өзі шаңырақ көтерген кезден бастап, бұл оқу орны сапалы білім беру және практикалық дайындықты басты назарда ұстады. Алғашқы факультеттер мен кафедралар тегеурінді академиялық мектеп негізін қалады. Білім беру саласының жетекші мамандары – ұстаздар – студенттердің кәсіби тәлімін қалыптастыру-



мен ғана шектелмей, олардың шығармашылық өрісін кеңейтуге, қолға алған кеңістік аясына жауапкершілікпен қарауға тәбиіледі.

Жыл өткен сайын университет оқу бағытын кеңейтіп, ғылыми базаны нығайтты, заманауи білім беру стандарттарын енгізді. Қалыптасу кезеңінің әр қадамы еліміздің алдыңғы қатарлы сәулет-құрылыс білім ордасы статусын нығайта түсуге бағытталды.

## Бүгінгі белес

Университеттің бүгінгі таңда Айғазы Құсайыновтың жетекшілігінде өрісті даму жолын жалғастырып келеді. Ескі бас оқу корпусын қалпына келтірді, спорт кешенін, Студенттер үйін, колледж ғимаратын жөндеуден өткізді, ҚазБСҚА мектебін салды. 2021 жылдан бері мен ХОК-қа шамамен, 20 миллиард теңге инвестиция өз тарапынан жұмылдырды. Қазіргі уақытта Халықаралық білім беру корпорациясында 15 мыңға жуық студент оқып, жоғары сапалы білім алуға мүмкіндік алып отыр.

Қазір академия 11 бағыт бойынша бакалавриат, 3 бағыт бойынша магистратура, 3 бағыт бойынша докторантура кадрларын даярлайды. Қазақстандағы сәулет, құрылыс және дизайн саласындағы ең ірі мамандандырылған жоғары оқу орны саналады. Аме-

рикалық ЖОО білім беру үлгісін енгізіліп, ЮНЕСКО-МСА комиссиясында аккредитациядан өткен әлемдегі алғашқы жоғары оқу орны.

2026 жылы Қазақ Бас Сәулет Құрылыс Академиясы QS Stars халықаралық жүйесінде жоғары төрт жұлдыз рейтингін алды. Сонымен қатар, биыл ҚазБСҚА Академиялық адалдық лигасының мүшелігіне еніп, өзінің ашықтығы, сапасы және академиялық мәдениетінің жоғары деңгейін растады.

Қырық бес жас – бұл ержету, ауқымды іске бел шеше кірісу, алған беттен таймай, алға ұмтылу жасы. Тап кешегі күндегідей болып зымырап өте шыққан осы жылдардың еншісінде – мыңдаған түлектер, жүзеге асқан жүздеген жобалар, ондаған ғылыми жетістіктер, сондай-ақ шығармашылық ізденістің сан жетпес сағаттары жатыр. Ел болашағы үшін академия бар күш-жігерін сәулетті қала, адамға қызмет ететін ақылды орта қалыптасыру жолында еңбек ете беретіні сөзсіз. Болашақ, ой-өрісі даңғыл, отаншыл жастар! Сендерді небір ғажайып шығармашылық сәттер күтіп тұр. Мерейлі той құтты болсын!

**Манас ХАСЕНОВ,  
Қазақ Бас Сәулет Құрылыс академиясы,  
Сәулет мектебінің деканы,  
қауымдастырылған профессор.**



# АЛДАСПАН РУХТЫ АҚЫН

Алматыда Олжас Сүлейменовтің 90 жас мерейтойы аталып өтті



*Алматыда алдаспан рухты ақынның 90 жылдық мерейтойы жыл басынан бері бай, мазмұнды әдеби-мәдени іс-шаралармен қосталды. Жақында ғана қаламызда «Адамға табын, жер енді!» деген көрме көпшілікке есік ашты. Ал кеше ауқымды мерейтойлық кеш өтіп, ақынның сүйікті қаласы Алматыны мерекелік көңіл күй кернеді.*

шысы, көрнекті ақын Олжас Сүлейменовтің 90 жылдық мерейтойына арналған салтанатты концерттік кеш кеше Абай атындағы опера және балет театрында өтті. Салтанатты жиынға зиялы қауым өкілдері, ақын-жазушылар, мәдениет қайраткерлері мен қала тұрғындары жиналды.

Кеште жұртының ай маңдай ақыны, сүйікті перзентінің әдеби мұралары, азаматтық болмысы ұлықталды. Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенұлы Мемлекет басшысының арнайы құттықтау хатын оқып, ақынның ел тарихы мен мәдениетіне қосқан зор үлесін ерекше атап өтті.

Тоқсан жылдық мерейтойға жиналған ақындар кешке жырдан шашу шашып, қазақ өнерінің майталмандары өнер көрсетті. Мазмұнды кеште ән

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



есебіндегі еңбек жолын әдіптейтін фотосуреттер кеңінен қамтылған.

Ұйымдастырушылардың айтуына қарағанда, көрмеге назар салған келушілер Олжас Сүлейменовті тек ақын ретінде ғана емес, ел тағдырына араласқан ірі тұлға, халықаралық деңгейдегі дипломат әрі қоғам қайраткері ретінде де тани алады.

Көрме тоқсанның тұғырындағы тұлғаның әдеби мұрасын бейнелеу өнерімен сабақтастырып, ақын шығармашылығының бүгінгі буынға ықпалын көрсетуге, насихаттауға әрі жан-жақты жұлгелей отырып талдауға бағытталған. Айта кетейік, «Адамға табын, жер енді!» көрмесі бір ай бойы қала тұрғындары мен қонақтарына тегін ұсынылады.

## Ақын кеші қаланы мерекеге бөледі

Мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері, Халық жазу-

мен күй әуелеп, ұлттық музыка мен заманауи композициялар үйлесім тапты.

«Бүгін руханиятты сүйетін қауым түгел жиналды. Оның ғұмыры – қазақ баласына үлгі. Оның барлық еңбегі өз халқына, ұлтына арналды. Әсіресе, Алаш қайраткерлерін ақтауға, Желтоқсан оқиғасына қатысқан жастардың ақталуына қосқан үлесі ерекше», – деді ақын Бауыржан Жақып.

Жасынан жарқырап шығып, халқының сүйіктісіне айналған, Лондон, Париж және Нью-Йорк сынды әлем қалаларында шығармашылық кештерін өткізген бір дәуірдің дарабозы Олжас Сүлейменовтің мерейтойына арналған концерт өзінің сүйікті қаласы Алматыны мерекеге бөледі. Қатысушылар бұл кешті руханиятымыздың айшықты оқиғасы деп бағалады.

## «Адамға табын, жер енді!»

Ақынға арналған көрме осылай аталды. Ақын шығармаларын адамзаттық кеңістікке көтерген осы бір өлең тақырыбы енді тұлғаның өмірін өрнектеген көрмеге де арқау болды.

Көрме Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен Алматы қаласы музейлер бірлестігі, ЮНЕСКО қамқорлығындағы Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығы, Қазақстан Республикасы Көркемөнер академиясы қо-

ғамдық қоры және Болат Өтемұратов қоры қолдауымен Алматы галереясы алаңында ұйымдастырылды.

Экспозицияға Олжас Сүлейменовтің сирек фотосуреттері, құжат материалдары, ақын өмірінің биігіне белгі болған хроникалық деректер, жеке мұрағатындағы соны мәліметтер мен құны кітаптарының алғашқы басылымдары қойылған. Сонымен қатар, көрмеде ақынның қоғамдық қызметіне қатысты бейнедеректер, халықаралық саяси аренадағы қайраткерлік қызметін, дипломат

Дастан ҚАСТАЙ,  
Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.



**Шынайы шебердің қолынан шыққан әр бұйымда халықтың дүниетанымы көрініп тұрады. Киіз бен текемет музейдегі жәдігер емес, заманауи интерьер мен сән индустриясына еніп келе жатқанын байқаған боларсыз. Қолөнер шебері Ләйлә Жарқын киізден текемет басып, сан ғасырлық мұраны жаңа дәуірдегі өнерге айналдырып жүр. Біз суретшінің шеберханасына арнайы барып, ұлттық өнер мен киіздің қасиеті жайында әңгімелескен едік.**



Суреттердің авторы Гаухар ОМАР.

Ләйлә ЖАРҚЫН, шебер:

# «Көшпенді мұрасын күллі әлемге танытқым келеді»



Гүлжанат  
СЕМБАЕВА



Ләйлә Жарқын – суретші, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, текстиль шебері. Киіз өнерімен айналысып келе жатқанына 20 жылға жуықтаған. Оның туындылары елдегі өнер мұражайларында, Чикаго, Токио, Дубай, Канада мен Еуропадағы жеке коллекцияларда сақтаулы тұр.

Шеберханасына барғаннан кейін Ләйләға қойған алғашқы сұрағымыз неге дәл киіз басу өнерін таңдағаны туралы болды.

## «Бәрі әжемнің киізінен басталды»

«Алматы қаласындағы Таңсықбаев атындағы сәндік-қолданбалы өнер колледжінде тоқыма мамандығы бойынша білім алып, дәстүрлі қолөнердің бірнеше түрін меңгердім. Бірақ симметриядан гөрі абстракция, еркін форма жаныма жақын болды. Кейін киізді басқа форматта, өнер туындысы ретінде көргенде осы материалмен жұмыс істегім келді. Маған киіз бала күннен жақын болды. Неге десеңіз, әжемнің үйінде қыста үнемі киіз төселіп жататын. Бәлкім, балалық шақтағы естеліктердің, киіздің үстінде өскенімнің әсері болған шығар. Ол маған жылылықтың символындай көрінеді. Киіздің барын білмей өссем, бұл өнерге осынау құштар болмас па едім», – дейді Ләйлә.

Осылайша кейіпкеріміз он сегіз жасында алғаш рет жүнді қолмен илеп көргеннен кейін киіз өнерін терең зерттеуге бел буған. Колледж қабырғасында оқып жүрген кезінде америкалық суретшінің көрмесіне тап болып, шеберлік сабағына қатысқан. Бұл көрме Ләйләнің сан қырлы қолөнер саласындағы бағытын анықтауға арқау болды.

«Оған дейін мен дәстүрлі киіз өнерін ғана білетінмін. Ал сол көрмеден кейін жүннің мүмкіндігі біз ойлағаннан да орасан екенін түсіндім. Көрген сәтте оған деген қызығушылығым оянып, осы бағытта білімімді жалғастыруға шешім қабылдадым. Бұл ойымды ұстазым, Таңсықбаев колледжінде Көркем тоқыма факультетін ашқан Гүлшәрім Мұсақызына айттым. Ол кісі маған профессор, суретші Сәуле Бапановаға баруға кеңес берді. «Мінездерің, шығармашылық энергияларың ұқсайды»

деп, білім алуға бағыттады. Сөйтіп, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына түсіп, Сәуле ападың шеберханасында білім алдым. Ол жерде киіз басудың техникасын, өнердің ішкі табиғатын, суретші ретінде ойлауды, ұлттық өнерді заманауи форматта ұсынудың жолдарын үйрендім», – дейді кейіпкеріміз.

Суретші өнерге келуінің түп-тамырында бәрібір де әжесінің үйіндегі сол бір киіздің ұшқыны болғанын толқыныспен еске алып отырды.

«2000 жылға дейін туғандар – әжелері киіз басып, текемет тоқығанын көрген соңғы буынбыз. Өйткені, одан бергі жылдары дүниеге келген жастар киізді білмейді», – дейді ісмер.

## Ортақ мұра

«Қырғызстаннан, Моңғолиядан оқырмандарым жиі жазады. Киіз – түркі халықтарына ортақ мұра. Бірақ әрқайсысының басу әдісі, қолдану ерекшелігі, ою-өрнегі, түсін таңдауы сан түрлі. Дүние жүзіне қазақтың киіз өнерінің қаншалықты терең әрі ежелгі дәстүр екенін танытқым келеді», – дейді ол.

Шебер барлық туындысын таза, табиғи, отандық жүннен жасайды. Ісмердің айтуынша, жүнді тазалап, иісін кетіру ұзақ уақыт алады. Сондықтан шеберлер жуылып, тазаланған, иіссіз ақ жүнді пайдаланады. Ал оны бояудан бастап, киізді илеп, дайын туындыға айналдыруға дейінгі барлық жұмыс өзінің қолынан өтеді.

«Әлемде толық иленетін жалғыз жүн – қойдың жүні ғана. Басқа жүндер иленбейді, иленсе де қойдың жүнімен араластырып жасаймыз. Қой жүнінің бір талшығы шамамен, 8–15 сантиметрге дейін болады. Ыстық сумен жуғанда жүннің ұсақ «тістері» ашылады. Кейін қолмен иленген сайын олар бір-біріне жабысып, біріге бастайды. Тек су, уақыт және қолдың қимылымен жұмыс өнеді. Ал түйенің жүнін алсақ, оны көбіне көрпе, қабырға кілемі сияқты бұйымдарға қолданған. Қазақта түйе жүні киелі саналғандықтан, аяқасты бұйымдарға пайдаланбаған», – деді шебер.

Ләйләнің шеберханасындағы туындыларына қарап-ақ, оның шығармашылығында интерьер мен заманауи кеңістікке арналған дүниелердің басым екенін аңға-



руға болады. Шебердің сөзінше, негізінен ол қазір текемет жасаумен айналысып жүр. Ал сырмақты сирек жасайды екен. Тапсырыстардың көбі сән дизайнына арналған дүниелерге түсіп жатыр дейді. Шеберханасын аралап жүріп, текеметтерден бөлек, киізден жасалған тақия, сөмке сияқты бұйымдарды көзіміз шалды.

«Әуел баста мұндай дүниелер жастарды киізбен таныстыру үшін жасалған еді. Тақия мен шопперлерді кейінгі төрт-бес жылда ғана жасап жүрмін. Жастар, тіпті өзімнің іні-сіңлілерім киізді мүлде көрмеген. Оларға үлкен текемет немесе картина қызық емес болуы мүмкін. Жас буынның ойы мен өмір салты басқа, көбіне киімге, стильге, күнделікті қолданатын заттарға мән береді. Қысқасы, тақия мен шоппер жас буынды киізбен таныстырудың жолы болды», – деді Ләйлә.

Қолөнер шебері, әсіресе, Instagram желісінде танымал, шетелдік оқырмандары да жетерлік. Парақшасының өзінен тұтас өркениеттің ісі аңқып тұрады.

«Мен өзімді шеберден бұрын суретші ретінде көремін. Көздеген бағдарым ақша табу емес, жаны бар, тірі әрі өлмейтін дүние жасау. Өнерім масс-маркетке айналса, бірден құндылығы төмендейді. Мысалы, бір текеметке кем дегенде екі-үш апта уақыт кетеді. Бұл тек илеу процесі емес, эскиз жасау тағы бар. Кейбір үлкен жұмыстардың эскизін әзірлеуге екі ай уақыт жұмсаймын. Одан кейін түстерді тауып, жүнді бояймын. Дайын дүниенің сексен пайызы – илеуге дейінгі дайындық. Ал илеудің өзі жиырма пайыз ғана. Ұзақ уақыт жан-тәніңді салып жасаған дүние бәрібір сезіледі, бағаланады», – дейді кейіпкеріміз.

## «Бір текеметке алты ай уақыт кетеді»

Шебердің ең ұзақ уақыт жасалған туындыларының бірі – Чикагодан тапсырыс берген «Ауылым» атты текеметке Ләйлә бес ай уақытын арнаған. Ал Алматыдан арнайы тапсырыс жасалған «Жеті қазына» текеметіне алты ай уақыт кеткен. Оның екі айы эскизі мен идеясын табуға жұмсалыпты.

«Тапсырыс берушілер текеметтің қандай сезім беретін дүние қалайтынын айтып береді. Содан кейін суретші ретінде ойымдағы параққа түсіріп, образдар құрастырамын».

Иә, шебер киіздің бетіне сурет салып қана шықпайды. Тапсырыс берушінің қалауы мен өзінің шығармашылық көзқарасы бір жерден шығуы үшін барын салады.

«Әсіресе, ұлттық өнерге қатысты жұмыс болған кезде мағынасына сүйеніп, ою-өрнек қолданамын. Егер декоративті немесе реалистік дүние жасасам, астарында тарихи мән жатуы қажет. Өйткені, біз, қолөнер шеберлері – өз заманымыз бен болашақтың арасындағы көпір сияқтымыз. Ақпарат бұрмаланып кетпеуі үшін зерттеу өте маңызды», – деді суретші.

Сөз арасында Ләйлә Жарқын туындылары мұхит асқанын айтып қалды. Ең қызығы, дайын дүниелерді сатып алатындардың дені – шетел азаматтары екен.

«Мысалы, былтыр Токиоға, Австралияға, Канада мен Англияға бірнеше жұмыс жібердік. Германиядан да жиі тапсырыс түсіп жатады. Әлемнің түкпір-түкпіріне қазақтың төл туындылары жөнелтіліп жатыр», – деді ол.

Сәулетші дизайнерлер – өнерді халыққа визуалды түрде жеткізе алатын мамандар. Ләйлә енді интерьер дизайнерлері мен сәулетшілермен бірлесіп жұмыс істей бастағанын айтады.

«Суретшілер тұйықтау келеді ғой. Өз шеберханасында, өз әлемінде шығармашылықпен айналысып отыра береді. Сондықтан дизайнерлер өнертанушылар, галеристер – бізді халыққа таныстырып жүрген мамандар деп ойлаймын. Өнерімізді дәріптеп жүрген де солар», – деді ол.

## «Отбасы – басты тақырыбым»

Ләйлә Жарқынның шығармашылығында декоративті бағыт ерекше орын алады. Оның қазақтың тұрмысы, отбасы жылулығы мен дәстүр сабақтастығын бейнелейтін «Жеті қазына», «Жас жұбайлар», «Тарихана» секілді туындылары осыған дәлел.

«Ауылда, қарашаңырақта отбасы болып шай ішіп отырған көрініс, дастархан басындағы жылулық – мен үшін ең маңызды тақырыптар», – дейді кейіпкер.

Қазақстан консулдығының шақыртуымен Дубайда жеке көрмесін өткізіп, кейін халықаралық көрмеге де қатысқан кейіпкерімізден сұхбатымыздың соңында ендігі арманын сұрадық.

«Ең үлкен арманым – киіз өнерін әлемге одан сайын кеңірек таныту. Бірақ мен үшін ең маңыздысы – өзіміздің қазақтар осы өнердің құндылығын түсінсе деймін. Киіз – бізге сырттан келген дүние емес, ол біздің тарихымызбен бірге келе жатқан өнер. Сол себепті, оны заманауи форматта дамытып, халықаралық үлкен көрмелерде, музейлерде көрсеткім келеді. Киіздің күнделікті қолданысымызға енгенін қалаймын», – деді Ләйлә Жарқын.



# ЖАРТЫ ҒАСЫРЛЫҚ ЖОЛ

## Отандық сейсмология ғылымының өткені мен бүгіні

**Биыл маусымда еліміздегі Сейсмология институтының құрылғанына 50 жыл толады. Ел тарихы және дамуы, қала құрылысы мен экономикалық өркендеудің қауіпсіз қамтамасыз етілуінде сейсмология саласындағы мамандардың маңызы да, үлесі де зор. Сондықтан мақала елімізде сейсмологиялық зерттеулердің (ғылыми және өндірістік) қалыптасып дамуына және оның бүгінгі күндегі ахуалына арналып отыр.**

Белгілі сарапшылардың пікірінше әлемде урбанизациялану мәселесінің дамып, халық саны көбеюіне байланысты жылдан-жылға табиғи және техногендік апаттар жиілеп, олардың жойқын күші мен таралу аймағы да ауқымды болады. Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығысында жойқын зілзала апаттары болғаны және бүгінгі таңда бұл аймақтың қауіптілігі жоғары екендігі көпшілікке мәлім. Зілзала апатының қайталану заңдылығына байланысты апаттардың келешекте де қайталану қаупін жоққа шығара алмаймыз. Сондықтан бұл саланың маңызы да уақыт өткен сайын арта түсері сөзсіз.

### Қилы кезеңдер

Аталған саланың қалыптасуы Қазақ ССР Ғылым Академиясына қарасты Геологиялық ғылымдар институтында басталды. 1960 жылдары басында Институт қабырғасында Алматы қаласының сейсмикалық қауіптілігін бағалау мақсатында қала аумағында жер бедерін, грунт типтерін және басқа да факторларды зерттеу басталып, 1962 жылы алғаш рет қаланың сейсмикалық микроаудандау картасы жасалып, бекітілді (РСН-10-62). Міне, бұл зерттеулер келешек осы саладағы кең көлемді зерттеулердің бастамасы болатын.

Айта кететін жайт, жер сілкінісі жайлы қазақ тіліндегі алғашқы басылым 1948 жылы Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі А.Машановтың «Жер сырты» атаулы кітапшасында «Жер қалай сілкінеді» деген атаумен дербес бөлім болып, ал 1949 жылы бұл бөлім дара кітапша ретінде «Жер қалай сілкінеді» деген атаумен жарық көрді.

1966 жылы 26 сәуірде Тәшкен қаласында болған 8 балдық зілзала кейін арнайы құрылған Мемлекеттік комиссия жан-жақты зерттеулер нәтижесін қорытындылап, Орталық Комитетке арнайы хат жолдады. Орта Азия мен Қазақстан аумағында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыру, арнайы сейсмогеофизикалық полигондар құру және ұлттық мамандар дайындау мәселелері көтерілді. Осы құжат негізінде Орталық Комитетте арнайы қаулы қабылданып, онда сейсмология саласында ұлттық кадрлар дайындау мәселесі алға қойылды. Қазақ ССР Ғылым Академиясының Президиумы осы салада мамандар дайындау үшін 1967 жылға аспирантураға қосымша төрт орын бөліп, оған бұл салаға мамандығы жақын Қазақ политехникалық институтының геофизика мамандығын бітіріп жатқан жас мамандарды тартуға шешім шығарды. Сөйтіп, институттың 1966 жылғы түлектері А.Досымов, А.Сыдықов П.А.Остропико және Ә.Нұрмағамбетов (мақала авторы) ғылыми кеңестің шешімімен аспирантураға емтихан тапсырып, үш жылға Мәскеудегі Жер физика институтына жолдама алды.

Біздің сейсмология саласымен жетектанысуымыз осылай басталып та кетті. 1969 жылы Геология институтында сейсмология секторы ашылып, басты қызметкерлері болып біз – аспиранттар және басқа бөлімдерінен ауыстырылған бірнеше инженерлер жұмыс істеді. Сектордың уақытша меңгерушісі тәжі-



Қазақстанның алғашқы сейсмолог-аспиранттары (солдан оңға қарай): А.Сыдықов, А.Досымов, Ә.Нұрмағамбетов

рибелі маман Татьяна Глебовнаның жетекшілігінде бірден қарқынды жұмыс басталып кетті. Кейін сектордың меңгерушісі болып Владимир Кочетков тағайындалды. Оның басшылығымен Алматы сейсмологиялық полигонның жобасы бекітіліп, оны іске асыру жұмыстары жүріп те кетті. Сонымен, бірнеше жыл арасында сейсмология секторы ірі ғылыми жобаларды орындай бастады. Сейсмология секторы үлкейіп сейсмология бөліміне айналып, оның меңгерушісі болып белгілі геофизик-ғалым Г.-м.ғ. докторы Б.М.Уразаев тағайындалды. Оның басшылығымен бөлімнің жұмысы одан әрі жалғаса түсті. Алматы маңында күшті жер сілкіністері алғышарттарын тіркеуге арналған арнайы тәжірибелік геофизикалық полигон құрылды.

Құрылғанына бірнеше жыл ғана болғанымен, қазақстандық сейсмология ғылымы саласы және мониторинг жұмыстары едәуір дамыды. Әрине, бұған себеп Талғар қаласында орналасқан мәскеулік КСЭ-нің техникалық базасы мен ғалымдарының кеңестік қызмет-

тері, әсіресе, КСЭ басшысы Игорь Леонovich Нерсесовтың тікелей қатысуының арқасында болғанын айтқан жөн. Сонымен, 1976 жылдың қарсаңында сейсмология бөлімі осы саладағы іргелі және қолданбалы ғылыми мәселелерді шешетін дербес ғылыми мекеме ретінде қалыптасты.

1989 жылдың аяғында Институтқа бес қабатты кешенді корпус және оның қызметкерлеріне арнап тұрғын үй салыну – бұл кезеңнің айтарлықтай жаңалығы болды. Әрине, бұл академик Ж.С.Ержановтың және оның командасының еңбегінің нәтижесі деп айтуға болады. 1987 жылы «каолиция» таралғаннан кейін Институт директоры болып аз уақыт шамасында (бір жарым жылдай) техника ғылымдар докторы Н.Жұбаев басқарды.

Еліміздің сейсмикалық өмірі бұл кезеңде де айтарлықтай қарқынды болды. 1990 жылы 6-7 балдық Байсорын атаулы, 1993 жылғы 30 желтоқсандағы 6-7 балдық Текелі (16 жылдан кейін 6 балл күшпен қайталанған) жер сілкіністерін, әсіресе, 1990 жылдың 14 маусымында болған 8 балдық Зайсан зілзала апатын атап өткен жөн. Бұл кезеңде зілзала апатын алдын ала болжау әлемдік масштабта басты мәселелердің бірі болғанын айта кеткен жөн. Институттың құрылымы да осы бағытта жақсартылып, негізгі ғылыми-зерттеу жұмыстары зілзала апатының



Т.Г.Раутиан, В.М.Кочетков, Б.М.Уразаев Қ.И.Сәтбаев атындағы геологиялық ғылымдар институтының сейсмология секторы (бөлімі) меңгерушілері

алғышарттарын іздеуге бағытталды. Дегенмен, бұл салада айтарлықтай нәтиже болмады. Тек әр жеті сайын «Вечерний Алматы» газетінде «На предстоящей неделе сильных землетрясений на территории Алматы и Алматинской области с вероятностью 70% не будет» деген хабарламамен шектелді.

### Дамудың жолы

Еліміздің сейсмикалық жағдайына келсек, 2003 жылдың 23 мамырында Жамбыл облысы, Луговское елді мекенінде болған зілзала апаты елді бір дүрліктерді. Зілзала апатынан 29 адам зардап шегіп, 3 адам қайтыс болды, материалдық шығын шамамен, 105 млн. долларға жетті. Одан кейінгі кезеңде Қазақстан аумағында екі дүркін жер сілкінісі болды. Біріншісі 2008 жылғы 26 сәуірде Батыс Қазақстан облысындағы Шалқар көлінде болған 6 балдық сілкініс. Оның табиғаты осы аймақтағы тұзды-күмбез құрылымымен сипатталатын жер қойнауында жүріп жатқан карст процестерімен байланысты болатын. Екінші жер сілкінісі, жоғарыда айтылған

алғышарттарын іздеуге бағытталды. Дегенмен, бұл салада айтарлықтай нәтиже болмады. Тек әр жеті сайын «Вечерний Алматы» газетінде «На предстоящей неделе сильных землетрясений на территории Алматы и Алматинской области с вероятностью 70% не будет» деген хабарламамен шектелді.

Еліміздің сейсмикалық жағдайына келсек, 2003 жылдың 23 мамырында Жамбыл облысы, Луговское елді мекенінде болған зілзала апаты елді бір дүрліктерді. Зілзала апатынан 29 адам зардап шегіп, 3 адам қайтыс болды, материалдық шығын шамамен, 105 млн. долларға жетті. Одан кейінгі кезеңде Қазақстан аумағында екі дүркін жер сілкінісі болды. Біріншісі 2008 жылғы 26 сәуірде Батыс Қазақстан облысындағы Шалқар көлінде болған 6 балдық сілкініс. Оның табиғаты осы аймақтағы тұзды-күмбез құрылымымен сипатталатын жер қойнауында жүріп жатқан карст процестерімен байланысты болатын. Екінші жер сілкінісі, жоғарыда айтылған

2009 жылғы 13 маусымда Текелі қаласы аумағында болған 6 балдық жер сілкінісі болатын.

Қазақстан Ғылым Академиясы өткен статусын жойып қоғамдық мекемеге айналғаннан кейін, қарауындағы бүкіл ғылыми-зерттеу институттары Мемлекеттік мекеме статусынан Жауапкершілігі шектелген серіктестікке айналды...

### Қазіргі тыныс

Жоғарыда айтылғандай, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясы таралғаннан кейін сейсмология институты әртүрлі ведомствалар қарауына көшті, 8 директор ауысты, 2022 жылы Үкімет шешімімен Төтенше жағдайлар (ТЖ) министрлігіне беріліп, қазірде Сейсмологиялық байқау және зерттеу ұлттық ғылыми орталығы деп аталады. Әрбір «реформаның» (ауысудың) өзіндік теріс әсері бар, талай білікті, білімді, тәжірибелі мамандардан айырылды, осының бәрі іргелі және қолданбалы ғылым салалар деңгейінің күрт төмендеуіне себеп болды. Бүгінгі таңда 2022 жылы сейсмология ғылыми-зерттеу институты мен өндірістік сейсмологиялық экспедицияны ТЖ Министрлігіне ауыстырудың қателік қадам болғанына саланың бүгінгі ахуалы дәлел болып тұр. Іс жүзінде ТЖ министрлігінде сейсмологиялық ғылыми саласын түсінетін, бақылайтын және басқаратын ғылыми қызметкерлер жоқ. ТЖ министрлігі тағайындаған сейсмологиялық орталықтың басшылары бұл саланың мамандары емес. Ал бұл болса, елімізде сейсмологиялық ғылыми-зерттеудің болашағын одан әрі күрделендіріп жібергенін көріп отырмыз.

**Қазіргі әлемдік сейсмология ғылымы үш негізгі бағыттан тұрады:**

1. Жер қойнауындағы жер сілкінісі ошағының пайда болуы мен дамуын зерттеу.

2. Сілкініс ошақтары орналасқан аймақтың геологиялық құрылымы мен физикалық өрістерін зерттеу.

3. Сілкініс кезінде ошақтан таралған сейсмикалық толқынының жер бетіндегі құрылысқа әсері, яғни сейсмикалық толқын әсерінен грунттың тербеліс заңдылығы және оның құрылысқа әсері.

Аталмыш бағыттарға белсенді қатысып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу әрбір сейсмикалық қауіпті аймақтарда орналасқан ғылыми ортаның басты міндеті және де болашақ зілзала апатының құпияларын шешудің бірде-бір жолы болып табылады.

### Түйінсөз

Зілзала апаты біздің ел үшін, әсіресе, оңтүстік және оңтүстік шығыс аймақтар үшін үлкен қауіптіліктің көзі, оны нақты болжау әзірше мүмкін емес, ал қауіпсіздік шараларының тиімділігі әлде де жеткіліксіз.

Сейсмологиялық қауіпсіздік еліміздің Ұлттық қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі, ал ол болса саланың ғылыми-зерттеулер деңгейімен тікелей байланысты. Қазақстан сейсмологиясының бүгінгі ахуалы осы мақсаттарға сай емес екендігі жайлы БАҚ беттеріндегі талай айтылып та, жазылып та жүр. Сондықтан Үкімет тарапынан және жауапты ведомстволар тарапынан осы мәселеге айрықша көңіл бөлінсе деген үміттеміз.

Әлқуат  
НҰРМАҒАМБЕТОВ,  
геология-минералогия  
ғылымдарының  
докторы,  
профессор.



# Алматылық балуандар топ жарды

**«Алматы арена» көпфункционалды кешенінде күрес түрлерінен Қазақстан Республикасының Кубогы аяқталды.**

Жарысқа еліміздің барлық өңірінен үздік балуандар қатысты. Турнир қорытындысы бойынша алматылық спортшылар жоғары нәтиже көрсетіп, жалпыкомандалық есепте бірінші орын иеленді. Бұл туралы Алматы қаласы Спорт басқармасының өкілдері айтты.

Грек-рим күресі бойынша 87 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Шамиль Ожаев алтын медаль жеңіп алса, 63 келіге дейінгі салмақта Еркебұлан Ардақов қола жүлдегер атанды. Әйелдер күресінде алматылық спортшылар 3 алтын, 1 күміс және 1 қола медаль иеленді. Қазақстан Кубогының жеңімпаздары қатарында



Айнұр Әшімова (55 кг), Жаңыл Бекен (65 кг) және Жәмилә Бақбергенова (68 кг) бар. Қаламқас Жүніс (59 кг) күміс жүлдегер атанса, Алина Ертістікке (76 кг) қола медаль бұйырды.

Еркін күресте Нұрқожа Қайпанов (74 кг), Санжар Досжанов (70 кг) және Ерхан Әбіл (79 кг) ҚР Кубогын жеңіп алды. Сонымен қатар, Асыл Айтақын мен Бақдәулет Әкімжан күміс жүлдеге ие болса, Мерей Базарбаев пен Родион Анчугин турнирдің қола жүлдегерлері атанды.

Турнир аясында Нұрқожа Қайпановқа Қазақстан Республикасы Ұлттық олимпиадалық комитетінің «Қазақстан Республикасының Олимпиадалық қозғалысына сіңірген еңбегі үшін» I дәрежелі құрмет белгісі табысталды.

Қазақстан Республикасының Кубогы қорытындысы бойынша Алматы қаласының құрамасы жалпыкомандалық есепте бірінші орын иеленді.

## Қоғамнан қолдау күтеді

**Мегалополисте қоғамның назарын сирек кездесетін аурулармен ауыратын адамдардың мәселелеріне аудару мақсатында қайырымдылық іс-шара өтті.**



Рая  
ЕСКЕНДІР

Алматының «Оңтүстік» саябағында өткен жүгіру іс-шарасы Халықаралық мукополисахаридоз (MPS) және сирек кездесетін ауруларға арналып отыр. Іс-шараға мемлекеттік, медициналық, қоғамдық және қайырымдылық ұйымдары қолдау көрсетіп, оны Human Rights Lawyers, Мукополисахаридоз және сирек кездесетін аурулармен ауыратын науқастардың «Жаңа Өмір» қоғамдық қоры ұйымдастырды. Жалпы, бұл акция қоғамның назарын сирек кездесетін аурулармен ауыратын адамдардың мәселелеріне аударып, инклюзивті ортаны дамыту, пациенттер мен олардың отбасыларына қолдау көрсетіп, сондай-ақ мукополисахаридоз туралы хабардар болу деңгейін арттыруды көздеп отыр.

Осынау іс-шараның ұйытқысы болып жүрген «Жаңа Өмір» ҚҚ бас директоры Самат Рамазанов мукополисахаридоз көптеген ағзалар зақымданатын ауыр тұқым қуалайтын аурулардың қатарына жататынын жасырмады.

– Дәл қазір мукополисахаридоз диагнозымен әлем елдерінде шамамен, 1100 адамның ауыратыны анықталды. Тіпті, кей жағдайда ата-аналардың екеуі де патологиялық геннің симптомсыз тасымалдаушылары болып табы-

лып жатады. Мұндай жағдайда ауру өршіген сайын адамның ерте өлуі орын алып жатады, – дейді Самат Рамазанов.

Сонымен қатар, пациенттердің 60%-ға жуығы аурудың жылдам үдемелі ағымына тап болып, ауырлықтың негізгі факторларының арасында симптомдардың ерте пайда болатынын, алғашқы жылдарындағы жағдайдың нашарлауы бұл ферменттердің төмен белсенділігіне қатысты екенін атап өтті. Бұл күні жарысқа қатысқандар жасына, дайындығы мен мүмкіндіктеріне қарамастан 1, 2 немесе 3 шақырымдық қашықтықты таңдады. Акцияға қатысқан 120-ға жуық адам өздерінің қолдауларын көрсетті. Жүгіру жарысына волонтерлер, студенттер, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, блогерлер, БАҚ пен қала тұрғындары қатысты. Әріптесіміз Айгүл Колумбетова да жүгіру жарысына қатысып, өзінің қолдауын білдірді.

Акция аясында ақпараттық-ағартушылық бағдарлама, сирек кездесетін аурулармен ауыратын пациенттерді қолдауға арналған флешмоб, сонымен қатар қатысушыларға естелік медальдар, сертификаттар мен Алғыс хаттар тапсырылды.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

**Алматыда қала тұрғындарын салауатты өмір салтына шақыратын «Спорт – достық алаңы» атты іс-шара өтті. Бұл бастаманы Алматы ауданы әкімдігі мен Спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп интернат-колледжі бірге ұйымдастырды.**



Суретерін түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

## Достық алаңы



Спорттық іс-шара «Денис Тен мемориал» скверінде болды. Оған аудан тұрғындары мен мектеп оқушылары белсенді қатысты. Алдымен, жиналған қауым Олимпиаданың қола жүлдегері Денис Тенге құрмет көрсетіп, оның ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Одан кейін 7 сайыс бойынша, атап айтқанда, асық ату, секіртпемен секіру, дөңгелекті белмен айналдыру, үстел теннисі, арқан тарту, ұзындыққа секіру және себепке доп лақтыру секілді спорт түрлерінен жарыстар басталды.

Спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп интернат-колледжінің басшысы Жәмила Танабаева аталған іс-шара бұқаралық спортты дамытуға бағытталғанын айтты.

– Басты мақсатымыз – салауатты өмір салтын насихаттау, қалада бұқаралық спорт түрлерін дамыту. «Спорт – достық алаңы» деп атағанымыздай, бұл іс-шараға кез келген тұрғын қатыса алады. Жалпы бұл бір реттік бастама емес. Қала әкімдігі бекіткен кестеге сәйкес, спорт мектептері айын бір рет осындай алаңдарды ұйымдастырып тұрады, – деді ол.

## «Қайрат» көш басында!

**Футболдан ел біріншілігінің үшін бір бөлігі артта қалды. Алматылық «Қайрат» турнирлік кестеде көш бастап тұр.**

Қазақстан чемпионатында алтын жүлде үшін және ҚПЛ-да қалу үшін күресетін командалар белгілі деуге болады. Әрине, алдағы 20 турда әлі де жағдай күрт өзгеруі мүмкін. Бірақ өткен ойындардың нәтижесі осы маусымның қалған бөлігіне болжам жасауға мұрындық болып отыр. Алдыңғы екі маусымда ел чемпионы атанып, УЕФА Чемпиондар лигасында өнер көрсеткен алматылық «Қайраттың» биыл тағы да ең жоғары нәтиже үшін таласатыны анық еді және Рафаэль Уразбахтин шәкірттері жанкүйерлер үмітін ақтап келеді. Осы уақытқа дейін 11 ойын өткізген «сары-қара» командада мүлдем жеңіліс жоқ – 7 жеңіс, 4 тең ойын. Демалыс күні болған кездесуде алматылықтар Әли Әлиев баптайтын «Жеңіс» ойыншыларын жеңді. «Астана арена» стадионында өткен матч 1:2 есебімен аяқталды. Ойынның 52-минутында Жоржиньо пасынан кейін Ойва Юккола есеп ашты.

Бұл – «Қайратқа» осы маусымда қосылған финляндиялықтың чемпионаттағы үшінші голы. Ал 65-минутта айып алаңындағы таластан кейін Жоржиньо допқа бірінші жетіп, есепті еселеді. Бразилиялық осымен бесінші голын соқты. 88-минутта бұрыштама добынан «Қайрат» қорғаушысы

Широбоков допты өз қақпасына бағыттап, автогол авторы атанды. Осылайша Рафаэль Уразбахтин жетекшілігіндегі ұжым кезекті үш ұпайды иеленді. 11 турдың нәтижесі бойынша ұпай саны 25-ке жетті.

Қазір «Қайраттың» басты қарсыласы – «Ордабасы» футбол клубы. Шымкент қаласының командасы да бүгінге дейін жеңіліп көрмеген. 10 ойында 6 жеңіс пен 4 тең нәтижесі бар. Бір матч артық өткізген «сары-қара» командадан кейін турнирлік кестеде 22 ұпаймен екінші тұр. Кейінгі ойында шымкенттік ұжым «Жетісуды» өз алаңында 2:1 есебімен жеңді. «Қайрат» пен «Ордабасының» алдыңғы орындарда болатыны маусым алдында-ақ болжанса, «Оқжетпес» пен «Ұлытаудың» азулы «Астана» мен «Елімай», «Ақтөбелен» биік боларына сенгендер аз еді. Көкшетаулық «Оқжетпес» 19 ұпаймен ел біріншілігінде 3-орында келеді. Одан кейін 18 ұпайы бар «Ұлытау» тұр.

Ал былтыр соңғы турға дейін чемпиондық үшін күрескен «Астана» 2026 жылы құбылмалы күйде келеді. 22-23 мамырда өтетін келесі турда «Қайрат» Орталық стадионда «Қайсарды» қабылдайды. «Астана» «Ұлытаумен», «Елімай» «Жеңіспен» кездеседі. Қостанайда өтетін «Тобыл» мен «Ордабасы» арасындағы матч жанкүйерлер назарында. Сондай-ақ, «Ақтөбе» – «Қызылжар», «Жетісу» – «Атырау», «Каспий» – «Ертіс», «Алтай» – «Оқжетпес» ойындары жоспарланған.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН



## ШЕШІМ

Алматы қаласы  
Түркісіб ауданы әкімінің  
2026 жылғы 4 мамырдағы  
№02 шешімі

## Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі №1 «Алматы қаласы Түркісіб ауданында сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

## ШЕШТІ:

- Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі №1 «Алматы қаласы Түркісіб ауданында сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1539 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:
  - көрсетілген шешімнің 1-қосымшасындағы №428, 429, 478 сайлау учаскелері орталықтарының атаулары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес өзгертілсін;
  - көрсетілген шешімнің 2-қосымшасындағы №425, 426, 427, 430, 436, 442, 443, 445, 447, 462, 463, 478, 521, 522, 523, 645 сайлау учаскелерінің шекаралары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес өзгертілсін;
  - «Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте осы шешімді ресми жариялағаннан кейін Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімі аппаратының интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
  - Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.
  - Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Д.ӘКЕЖАНОВ

КЕЛІСІЛДІ:

Алматы қаласы аумақтық  
сайлау комиссиясы

А.Қалықова

Алматы қаласы  
Түркісіб ауданы әкімінің  
2026 жылғы 4 мамырдағы  
№02 шешіміне 1-қосымша

## №428 сайлау учаскесі

**Орталығы:** «№115 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алтай-1 шағынауданы, 28-үй.

## №429 сайлау учаскесі

**Орталығы:** «№142 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Жұлдыз-1 шағынауданы, 20-үй.

## №478 сайлау учаскесі

**Орталығы:** шаруашылық жүргізу құқығындағы «№20 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Жұлдыз-1 шағынауданы, 5 В үйі.

Алматы қаласы  
Түркісіб ауданы әкімінің  
2026 жылғы 4 мамырдағы  
№02 шешіміне 2-қосымша

## №425 сайлау учаскесі

**Орталығы:** «№44 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, Огарев көшесі, 6.

**Шекарасы:** Бұқтырма көшесінен Бейімбет Майлин көшесі бойымен солтүстік-шығысқа қарай (оңтүстік-шығыс жағы) Әуешай аумағының шығыс шекарасына дейін; Әуешай аумағының шығыс шекарасына дейін; Нұршашқан шағынауданы аумағының солтүстік шекарасы бойымен Нұршашқан шағынауданының Бөктергі көшесіне дейін; Нұршашқан шағынауданының Бөктергі көшесінен оңтүстік-батысқа қарай (оңтүстік-батыс жағы) Бұқтырма көшесіне дейін; Нұршашқан шағынауданының Нығмет көшесінен оңтүстік-батысқа қарай (оңтүстік-батыс жағы) Бұқтырма көшесіне дейін; Бұқтырма көшесі бойымен солтүстік-батысқа қарай (оңтүстік-шығыс жағы) Бейімбет Майлин көшесіне дейін.

## №426 сайлау учаскесі

**Орталығы:** «№44 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, Огарев көшесі, 6.

**Шекарасы:** Бейімбет Майлин көшесінен Кіші Алматы өзенінің арнасы бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Әлмерек шағынауданы Бейбітшілік көшесіндегі №20 үй аумағының солтүстік шекарасына дейін; Әлмерек шағынауданы Бейбітшілік көшесіндегі №20 үй аумағының солтүстік шекарасы бойымен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) қала шекарасына дейін; қала шекарасы бойымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) одан әрі шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Қотырбулақ өзенінің арнасына дейін; Қотырбулақ өзенінің арнасы бойымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Бейімбет Майлин көшесіне дейін; Бейімбет Майлин көшесі бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Кіші Алматы өзенінің арнасына дейін.

## №427 сайлау учаскесі

**Орталығы:** «Д.Бабаев атындағы №115 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, Алтай-1 шағынауданы, 28 үйі.

**Шекарасы:** Монтажная көшесінен Наманган көшесі бойымен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Поддубный көшесіне дейін; Поддубный

көшесімен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Новокузнецкая көшесіне дейін; Новокузнецкая көшесімен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Кіші Алматы өзенінің арнасына дейін; Кіші Алматы өзенінің арнасы бойымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Бейімбет Майлин көшесіне дейін; Бейімбет Майлин көшесі бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Лавренев көшесіне дейін; Лавренев көшесімен солтүстікке қарай Алтай-1 шағынауданының №26, 25, 25А, 24, 23, 22, 21 үйлерінің аумағының шығыс шекарасы бойымен Алтай-1 шағынауданының №12 үйінің аумағының оңтүстік шекарасына дейін; Алтай-1 шағынауданының №12 үйінің аумағының оңтүстік шекарасы бойымен шығысқа қарай Алтай-1 шағынауданының №14 үйінің аумағының батыс шекарасына дейін; Алтай-1 шағынауданының №14 және №6 үйлерінің аумағының батыс шекарасы бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Наманган көшесіне дейін; Наманган көшесі бойымен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Монтажная көшесіне дейін.

## №430 сайлау учаскесі

**Орталығы:** «Д.Бабаев атындағы №115 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, Алтай-1 шағынауданы, 28 үйі.

**Шекарасы:** Лавренев көшесінен Бекмаханов көшесі бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Резвых көшесіне дейін; Резвых көшесімен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Наманган көшесіндегі №1 үй аумағының шекарасына дейін; Наманган көшесі бойымен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Алтай-1 шағынауданының №39 үй аумағының батыс шекарасына дейін; Алтай-1 шағынауданының №39, №16, №13 үйлерінің аумағының батыс шекарасы бойымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Алтай-1 шағынауданының №10 үй аумағының солтүстік шекарасына дейін; Алтай-1 шағынауданының №10, №11 үйлерінің аумағының солтүстік шекарасы бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Лавренев көшесіне дейін; Лавренев көшесінен оңтүстікке қарай (батыс жағы), Алтай-1 шағынауданының №21, 22, 23, 24, 25А, 25, 26 үйлерінің аумақтарын қоса алғанда, Бекмаханов көшесіне дейін.

## №436 сайлау учаскесі

**Орталығы:** «№142 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, Жұлдыз-1 шағынауданы, 20 үйі.

**Шекарасы:** Дөнентаев көшесіндегі №2Ж, 8Б, 8Г, 10А, 12А, 12В, 14А, 16А, 18А, 18Б, 20А, 20, 22А, 22, 24, 26, 31 үйлер; Жұлдыз-2 шағынауданының №28, 29, 30, 30А, 31, 32, 33, 34, 35, 39А, 39Б, 39В, 39Г үйлері.

## №442 сайлау учаскесі

**Орталығы:** «№84 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Алматы қаласы, Нұрсая көшесі, 56.

**Шекарасы:** Клара Цеткин көшесінен Земнухов көшесі бойымен оңтүстік-шығысқа қарай (оңтүстік-батыс жағы) Апанасенко көшесіне дейін; Апанасенко көшесінен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Басқарасу өзенінің арнасына дейін; Басқарасу өзенінің арнасы бойымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Заветная көшесіндегі №68 үй аумағының оңтүстік шекарасына дейін; Заветная көшесіндегі №68 үй аумағының оңтүстік шекарасы бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Клара Цеткин көшесіне дейін; Клара Цеткин көшесінен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Земнухов көшесіне дейін.

## №443 сайлау учаскесі

**Орталығы:** «№11 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Алматы қаласы, **Волгоград көшесі, 22/137.**

**Шекарасы:** Земнухов көшесінен Харьков көшесі бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Бекмаханов көшесіне дейін; Бекмаханов көшесімен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Бейсебаев көшесіне дейін; Бейсебаев көшесінен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Нұрсая көшесіне дейін; Нұрсая көшесі бойымен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Волгоград көшесіне дейін; Волгоград көшесінен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Бекмаханов көшесіне дейін; Бекмаханов көшесімен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Басқарасу өзенінің арнасына дейін; Басқарасу өзенінің арнасы бойымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Кобиков көшесіне дейін; Кобиков көшесінен Апанасенко көшесі бойымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Земнухов көшесіне дейін; Земнухов көшесі бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Харьков көшесіне дейін.

## №447 сайлау учаскесі

**Орталығы:** шаруашылық жүргізу құқығындағы «№24 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Алматы қаласы, Земнухов көшесі, 3/1.

**Шекарасы:** Трениев көшесінен Жансүгіров көшесі бойымен, одан әрі Қапшағай тас жолы бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Кемел шағынауданы аумағының оңтүстік шекарасына дейін; Кемел шағынауданы аумағының оңтүстік шекарасы бойымен Сұлтанқарасу өзенінің арнасы бойымен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Спасская көшесіндегі №86Б үй аумағының солтүстік шекарасына дейін; Спасская көшесіндегі №86 Б үй аумағының солтүстік шекарасы бойымен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Спасская көшесіне дейін; Спасская көшесінен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Спасская көшесіндегі №64 үй аумағының оңтүстік шекарасына дейін; Спасская көшесіндегі №64 үй аумағының оңтүстік шекарасы бойымен Шмидт көшесіне дейін; Шмидт көшесі бойымен оңтүстік-батысқа қарай (солтүстік-батыс жағы) Нұрсая көшесіне дейін; Нұрсая көшесінен Орловская көшесі бойымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Земнухов көшесіне дейін; Земнухов көшесі бойымен оңтүстік-шығысқа қарай (оңтүстік-батыс жағы) Клара Цеткин көшесіне дейін; Клара Цеткин көшесінен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Сортировочная көшесіне дейін; Сортировочная көшесі бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Жансүгіров көшесіне дейін.

## №462 сайлау учаскесі

**Орталығы:** «Алматы гуманитарлық-педагогикалық колледжі №1» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Алматы қаласы, Шемякин көшесі, 131.

**Шекарасы:** Рысқұлов даңғылынан Шемякин көшесі бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Саран көшесіне дейін; Саран көшесінен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Айтыков көшесіндегі №55 үй аумағының шекарасына дейін; Айтыков көшесіндегі №55 үй аумағының шекарасы бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Шуақты шағынауданының Саялы көшесіне дейін; Шуақты шағынауданының Саялы көшесі бойымен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Қарасу-6 өзенінің арнасына дейін; Қарасу-6 өзенінің арнасы бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Кіші Алматы өзенінің арнасына дейін; Кіші Алматы өзенінің арнасы бойымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Рысқұлов даңғылына дейін; Рысқұлов даңғылы бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Шемякин көшесіне дейін.

## №463 сайлау учаскесі

**Орталығы:** «№17 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, Гёте көшесі, 177.

**Шекарасы:** Янка Купала көшесінен Герцен көшесі бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы), Герцен көшесіндегі үйлер аумағының шекарасын қоса отырып Громов көшесіне дейін; Громов көшесінен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Левый Ульяновский өзенінің арнасына дейін; Левый Ульяновский өзенінің арнасы бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Енисей көшесіне дейін; Енисей көшесінен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Федосеев көшесіне дейін; Федосеев көшесінен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Федосеев көшесіндегі №2А үй аумағының солтүстік шекарасына дейін; Федосеев көшесіндегі №2А үй аумағының солтүстік шекарасы бойымен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Қарасу-7 өзенінің арнасына дейін; Қарасу-7 өзенінің арнасы бойымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Жас Қанат шағынауданы Әлімбаев Мұзафар көшесіндегі №49 үй аумағының шекарасына дейін; Жас Қанат шағынауданы Әлімбаев Мұзафар көшесіндегі №49 үй аумағының шекарасы бойымен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Баймағамбетов көшесіне дейін; Баймағамбетов көшесінен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Баймағамбетов көшесінің барлық үйлерін қоса отырып Саран көшесіне дейін; Саран көшесінен батысқа қарай (солтүстік жағы) Шемякин көшесіне дейін; Шемякин көшесінен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Янка Купала көшесіне дейін; Янка Купала көшесінен батысқа қарай (солтүстік жағы) Герцен көшесіне дейін.

## №478 сайлау учаскесі

**Орталығы:** «№142 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, Жұлдыз-1 шағынауданы, 20 үйі.

**Шекарасы:** Жұлдыз-1 шағынауданының №№1А, 1, 1Б, 1В, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17А, 17В, 18А, 19А, 19Б, 21А, 21, 23, 25, 25Б, 19, 26 үйлері.

## №521 сайлау учаскесі

**Орталығы:** «№195 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Алматы қаласы, Әлмерек шағынауданы, Шортанбай жырау көшесі, 72/2.

**Шекарасы:** Әлмерек шағынауданының Бейбітшілік көшесіндегі №20 және №22 үйлер арасындағы Кіші Алматы өзенінің арнасына шығысқа қарай (солтүстік жағы) қала шекарасына дейін; қала шекарасы бойымен солтүстікке, одан әрі батысқа қарай Кіші Алматы өзенінің арнасына дейін; Кіші Алматы өзенінің арнасына оңтүстікке қарай (шығыс жағы) Әлмерек шағынауданы Бейбітшілік көшесіндегі №22 үй аумағының оңтүстік шекарасына дейін.

## №522 сайлау учаскесі

**Орталығы:** шаруашылық жүргізу құқығындағы «№28 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Алматы қаласы, Жас Қанат шағынауданы, 54/2 үйі.

**Шекарасы:** Рысқұлов даңғылынан Қайрат шағынауданы аумағының батыс шекарасы бойымен Кіші Алматы өзенінің арнасына дейін, одан әрі өзен арнасы бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Қайрат шағынауданы Сынтас көшесіндегі №1 үй аумағының оңтүстік шекарасына дейін; Сынтас көшесіндегі №1 үй аумағының оңтүстік шекарасы бойымен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Қайрат шағынауданы Ақжамал көшесіне дейін; Ақжамал көшесі бойымен оңтүстік-шығысқа қарай (оңтүстік-батыс жағы) Жаяу Мұса көшесіне дейін; Жаяу Мұса көшесі бойымен оңтүстік-батысқа қарай (солтүстік-батыс жағы) Нарбота көшесіне дейін; Нарбота көшесінен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Қайрат шағынауданы Белбұлақ көшесіндегі №46 үй аумағының шығыс шекарасына дейін; Белбұлақ көшесіндегі №46 үй аумағының шығыс шекарасы бойымен оңтүстік-шығысқа қарай (оңтүстік-батыс жағы) Ханшайым көшесіне дейін; Ханшайым көшесі бойымен оңтүстік-батысқа қарай (солтүстік-батыс жағы) Жарбұлақ өзенінің арнасына дейін, Қайрат шағынауданы Белбұлақ көшесіндегі №106, 108, 110, 112 үйлер аумағын қоса отырып; Жарбұлақ өзенінің арнасы бойымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Рысқұлов даңғылына дейін; Рысқұлов даңғылы бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Қайрат шағынауданы аумағының батыс шекарасына дейін.

## №523 сайлау учаскесі

**Орталығы:** «№203 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Алматы қаласы, Нұршашқан шағынауданы, Досбол би көшесі, 31.

**Шекарасы:** Нұршашқан шағынауданы Бөктергі көшесінен Нұршашқан шағынауданының солтүстік шекарасы бойымен солтүстік-шығысқа қарай (оңтүстік-шығыс жағы) Талғар ауданының шекарасына дейін; Талғар ауданының шекарасы бойымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Құлжа тракты жолына дейін; Құлжа тракты жолымен оңтүстік-батысқа қарай (солтүстік-батыс жағы) Бұқтырма көшесіне дейін; Бұқтырма көшесі бойымен солтүстік-батысқа қарай (солтүстік-шығыс жағы) Нұршашқан шағынауданы Тайбағар көшесіндегі №1 үй аумағының шекарасына дейін; Тайбағар көшесіндегі №1 үй аумағының шекарасынан солтүстікке қарай (шығыс жағы) Нығмет көшесіне дейін; Нығмет көшесі бойымен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Бөктергі көшесіне дейін; Бөктергі көшесі бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Нұршашқан шағынауданының солтүстік шекарасына дейін.

## №645 сайлау учаскесі

**Орталығы:** «№211 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, Қайрат шағынауданы, Байтума Тұраров көшесі, 20/2.

**Шекарасы:** Рысқұлов даңғылынан Жарбұлақ өзенінің арнасы бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Қайрат шағынауданы Ханшайым көшесінің тұсына дейін; Ханшайым көшесі бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Белбұлақ көшесіндегі №46 үй аумағының солтүстік шекарасына дейін (Белбұлақ көшесіндегі №106, 108, 110, 112 үйлер аумағын қоспағанда); Белбұлақ көшесіндегі №46 үй аумағының солтүстік шекарасы бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Жаяу Мұса көшесіне дейін; Жаяу Мұса көшесінен солтүстік-шығысқа қарай (оңтүстік-шығыс жағы) Көрімдік көшесіне дейін; Көрімдік көшесінен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Тараз көшесіне дейін; Тараз көшесінен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Қарасу-10 өзенінің арнасына дейін; Қарасу-10 өзенінің арнасы бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Үлке көшесіне дейін; Үлке көшесі бойымен оңтүстік-шығысқа қарай (оңтүстік-батыс жағы), Қайрат шағынауданының №181 және №182 үйлерінің арасы арқылы Құлжа тракты жолына дейін; Құлжа тракты жолымен оңтүстік-батысқа қарай (солтүстік-батыс жағы) Рысқұлов даңғылына дейін; Рысқұлов даңғылы бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Жарбұлақ өзенінің арнасына дейін.



# «Almaty aqshamy» газетіне жазылыңыз!

«Almaty aqshamy» – елдегі ең ірі мегаполистің бас басылымы. Алматылықтарға етене, ел оқырмандарына ортақ газет – қазақ журналистикасының дәстүрлі мектебі мен заманауи ой алаңы. «Ақшам» бетінде Алматы айтшықтарымен қатар тұтас елді толғандыратын тақырыптарды таба аласыз. Тұрмыстық мәселелерден тартып, іскерлік ортаға дейінгі тақырыптарға талдамалық, сараптамалық жауаптарды аласыз.

## Бізге жазылыңыз!

Алматыдағы өнер мен әдебиеттің, сән мен шоу-бизнесінің соңғы трендтерінен қалыс қалмаңыз!

Басылымға «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді онлайн оқуға болады: [aqshamnews.kz](http://aqshamnews.kz) Анықтама үшін телефондар: **8 (727) 248-49-55.**

## 2026 жылға басылымға жазылу науқаны жалғасып жатыр

### ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 Жеке жазылушылар үшін:	15503 Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін:	95503 Зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін:
1 айға – 835,96 теңге.	1 айға – 1431,83 (қала), 1035,96 (ауыл) теңге.	1 айға – 615,96 теңге.
3 айға – 2507,88 теңге.	3 айға – 4295,49 (қала), 3107,88 (ауыл) теңге.	3 айға – 1847,88 теңге.
6 айға – 5015,76 теңге.	6 айға – 8590,98 (қала), 6215,76 (ауыл) теңге.	6 айға – 3695,76 теңге.
7 айға – 5851,72 теңге.	7 айға – 10022,81 (қала), 7251,72 (ауыл) теңге.	7 айға – 4311,72 теңге.

## Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн-режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі.

**Қызмет 24/7 қолжетімді.**

## IC-ШАРА

# «АНА ҮЙІНДЕ»

## қамқорлыққа толы мерекелік кеш

**Алматы қаласындағы «Ана үйі» қоғамдық қорында Аналар күніне арналған мерекелік іс-шара өтті. Аналар кеңесі ұйымдастырған мерекелік кездесуге қаладағы үш «Ана үйінің» жас аналары қатысып, ерекше көңіл күйге бөленді.**



**Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ**

Іс-шараның негізгі мақсаты – өмірлік қиын жағдайға тап болған аналарға моральдік әрі материалдық қолдау көрсету, оларға мейірім мен қамқорлық атмосферасын сыйлау болды. Кездесу барысында Аналар кеңесінің өкілдері жас аналармен еркін форматта әңгімелесіп, өз тәжіри-белерімен бөлісті. Мерекелік кеште шығармашылық

ұжымдар мен өнерпаздар концерттік бағдарлама ұсынып, аналардың көңілін көтерді. Әсем әндер орындалып, жылы лебіздер айтылды. Кеш аясында қайырымдылық акция ұйымдастырылып, қор қамқорлығындағы аналарға балаларға арналған күтім құралдары, қажетті тұрмыстық заттар мен сыйлықтар табысталды.

Алматы қалалық Аналар кеңесінің төрайымы Зулфия Хусейнова іс-шараның маңызына тоқталып өтті.

– Біз бұл жерге аналарды моральдік және материалдық тұрғыда қолдау үшін келдік. Біздің Аналар кеңесі түрлі этномәдени орталықтардың өкілдерінен құралған. Қазақстан бойынша 28 «Ана үйі» бар, оның үшеуі Алматыда орналасқан. Біз бұл үйлермен үнемі байланыста болып, қолдау көрсетеміз. Бүгінгі қайырымдылық акциясы мен концерттік бағдарламаның мақсаты – жас аналардың көңілін көтеріп, оларға қамқорлық сезімін сыйлау, – деді ол.

Мейірім мен жанашырлыққа толы кеш көпшілікке ананың қоғамдағы орны мен қадірін тағы бір мәрте ұғындырды.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

### Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «№1 Қалалық емхана» КМК директоры лауазымына конкурстық іріктеу өткізу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№1 Қалалық емханасы» КМК байқау кеңесі директоры лауазымына іріктеу бойынша конкурс жариялайды.

**Конкурсты өткізу мерзімдері:** Басталуы 20.05.2026 ж. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардан құжаттарды қабылдаудың соңғы мерзімі 20.05.2026 ж. (Алматы уақыты бойынша) сағат 13.00-ге дейін. Әңгімелесу кандидаттарды қабылдау туралы шешім қабылданған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде (әңгімелесу кестесіне сәйкес).

**Конкурстың өтетін орны:** ҚР, 050002, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Гоголь көшесі, 53/63-үй (3-қабат, 301-кабинет).

**Кәсіпорынның атауы:** Алматы қ. ДСБ ШЖҚ «№1 Қалалық емхана» КМК (бұдан әрі – Кәсіпорын).

**Кәсіпорынның орналасқан жері:** ҚР, 050002, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Гоголь көшесі, 53/63-үй, телефон: 8 (727) 273-35-72, эл.пошта: [pol@mail.kz](mailto:pol@mail.kz)

**Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы:** халықтың денсаулығын сақтау жөніндегі мемлекеттік аумақтық бағдарламаларды орындау.

**Кәсіпорын директорының негізгі лауазымдық міндеттері:** Кәсіпорынның өндірістік, қаржылық-шаруашылық қызметіне басшылық жасайды, қабылданатын басқару шешімдеріне, ұйым мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуына, сондай-ақ қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне жауапты болады.

**Білуі керек:** ҚР Конституциясын, ҚР Азаматтық кодексіні, ҚР Еңбек кодексіні, ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексіні, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексіні, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын, ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, ҚР «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңын.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** «Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білім және «Қоғамдық денсаулық сақтау», «Денсаулық сақтау менеджменті» мамандығы бойынша қайта дайындық туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік санаттарын беру туралы куәлік; немесе «Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білім және (немесе) «Бизнес, басқару және құқық»; немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру «Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша және (немесе) «Бизнес және құқық»; немесе МВА executive немесе full time дәрежесі; денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификатының болуы; басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

Медициналық қызметті (дәрігерлік практиканы) жүзеге асыру үшін – кәсіби құзыреттерінің болуы: дәрігердің біліктілігіне (бейні бойынша) бірінші (жоғары) біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестігі, клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификаты.

**Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардан құжаттарды қабылдаудың басталу және аяқталу мерзімдері:** «Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» КММ интернет-ресурстарында жарияланғаннан кейін он бес күнтізбелік күн ішінде.

**Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімдерде мынадай құжаттарды ұсынады:**

- конкурс өткізу туралы хабарландыруда мынадай құжаттар:
  - 1) конкурсқа қатысу туралы өтініші;
  - 2) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
  - 3) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
  - 4) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі, еңбек шартын қабылдау және тоқтату туралы бұйрықтардан үзінді көшірме немесе жұмыс өтілін растайтын басқа құжат;
  - 5) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/е нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
  - 6) ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің соттылығының жоқтығы туралы анықтамасы.
- Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін конкурс жариялаған Кәсіпорынға электронды түрде [pol-ka1@mail.kz](mailto:pol-ka1@mail.kz) мекенжайы бойынша құжаттарды тапсырады.
- Құжаттардың түпнұсқалары сұхбат басталғанға дейін бір сағаттан кешіктірмей ұсынылады. Олар ұсынылмаған жағдайда, тұлға сұхбаттан өтуге жіберілмейді.

Конкурсқа қатысушы оның біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіптік даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттардың көшірмелері, ғылыми жарияланымдар, сондай-ақ алдыңғы жұмыс орнынан ұсынымдар) ұсына алады.



## «Отбасындағы зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» республикалық акциясы

2026 жылдың 18 мамыр мен 8 маусым аралығында Алматы қаласы Алатау ауданы аумағында «Отбасындағы зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» атты республикалық акция өткізілуде. Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, қоғамдағы құқықтық мәдениетті қалыптастыру және отбасы институтын нығайту.

Акция шеңберінде жастармен, білім беру ұйымдарымен және қоғамдық кеңестермен бірлескен іс-шаралар өткізіліп, қоғамда зорлық-зомбылыққа мүлдем төзбеушілік қағидатын қалыптастыру бағытында түсіндіру жұмыстары күшейтілді.

Мұндай профилактикалық іс-шаралар қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған.

Құқық бұзушылықтар орын алған жағдайда немесе кеңес алу үшін төмендегі нөмірлерге хабарласуға болады:

- **102 – полиция;**
- **111 – балалар мен жастарға арналған ұлттық сенім телефоны;**
- **150 – отбасы және құқықтарды қорғау мәселелері бойынша сенім телефоны.**

Тұрғындар мен қоғамдағы аталған іс-шараларға түсіністікпен қарауға шақырамыз.

**Еділхан Маратұлы БАЙҒАРАЕВ,**  
Алатау ауданы Полиция басқармасының бастығы.



Бас директор –  
**Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**  
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:  
тел.: 248-60-08.

Бас директордың орынбасары –  
**Абдухалил ЖАЛИЛОВ**

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –  
**Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА**

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**

Жауапты хатшы –  
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –  
**Рая ЕСКЕНДІР**

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –  
**Нұржамал ӘЛІШ**

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –  
**Гүлжанат СЕМБАЕВА**

Коммерциялық директор –  
**Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ**  
тел.: 248-49-55. E-mail:  
[rekalatauaqparat@gmail.com](mailto:rekalatauaqparat@gmail.com)

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:  
[rekalatauaqparat@gmail.com](mailto:rekalatauaqparat@gmail.com)  
тел.: тел.: 248-49-55. E-mail:  
8 707 948 73 78

## Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –  
**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**  
Кеңес мүшелері:  
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**  
**Сейітқазы МАТАЕВ,**  
**Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ**

## ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:  
**8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70**  
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі:**  
**«Alatau Aqparat» ЖШС.**  
E-mail:  
[alatauaqparat@gmail.com](mailto:alatauaqparat@gmail.com)  
Мекенжайымыз:  
Индекс: 050022.  
Шевченко көшесі, 100.

**Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 252 дана (сейсенбі)**

**Кезекші редактор – Нұржамал ӘЛІШ**

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № КЗ17VPY00085956 күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



«МУЗЕЙ ТҮНІ – 2026»

# МӘДЕНИЕТ ШАМЫ СӨНБЕСІН

(Басы 1-бетте)

Мультимедиалық дәстүрлі музыка орталығы да өткен мен бүгінді байланыстыратын ерекше бағдарлама дайындады. Тарихи тұлғалар – Дина Нұрпейісова, Жамбыл Жабаев пен Ақан сері бейнесінде өтетін театрландырылған экскурсиялар ұйымдастырылды.

Музейлер кешінде «Жұлдызды гид», «Музейге сый» акциялары, қыш бұйымдар, бейнелеу өнері, зергерлік бұйымдар жасау бойынша шеберлік сағаттары, балаларға арналған аквагрим, пазлдар мен квесттер аймағы, жасанды интеллект технологиясымен жабдықталған фотоаймақтар жұмыс істеді.

«Алматы кеші» концерттік бағдарламасында Kalifarniya, Bayan Sulu, «Алашұлы» тобы, IL Santo квартеті, «Алатау серілері», «Сазген сазы», «Арқайым», «Парасат» этно-фольклорлық топтары өнер көрсетті.

Музейлер табалдырығын аттаған әрбір жан тарихтың тынысын сезініп, өнердің үнін естігендей болды.

Балалардың шат күлкісі, жастардың қызығушылығы, үлкендердің тебіреніске толы жүздері кештің ерекше атмосфера-сын айшықтай түсті.

«Музей түні» Алматының мәдени өміріне ерекше сән беріп, рухани құндылықтардың маңызын тағы бір мәрте сезіндірді.



✓ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Махмут УЙГУН,  
Түркиядан келген қонақ:****Ұлттық әуен  
жетелеп әкелді**

Қазақстанның ең әдемі мегаполистерінің бірі – Алматыға достарымызбен екі күн бұрын келдік. Бірақ бүгін қалада «Музей түні» өтіп жатқанынан бейхабармыз. Осы маңнан өтіп бара жатып, кенет қазақтың ұлттық аспаптарымен сүйемелденген ерекше әуенді естідік те, бұл жерге соқпай кете алмадық. Ұлттық киім киген адамдарды, ансамбльдердің орындауындағы ән-күйлерді көріп, ерекше әсер алдық. Музейдің ішіне кіргенде түркі халықтарына ортақ дүниелерді байқап, өзімізді бөтен емес екенімізді тағы бір сезіндік. Музейдің сыртқы келбеті де өте ерекше екен. Осындай әдемі мәдени кештің үстінен түскенімізге қуанып қалдық.

# АҢЫЗДАР «ТІРІЛГЕН» ТҮН

**«Музей түні» мәдени акциясы Алматыдағы Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінде айрықша аталып өтті. Биылғы іс-шара музейдің 45 жылдығымен тұспа-тұс келіп, кеш қонақтарына ауқымды мәдени-танымдық бағдарлама ұсынды.**

нияр Жанқабаетовтың сөзінше, биылғы акцияның маңызды жаңалығы – музей қорына Роза Бағланова мен Секен Тұрысбековтың домбырасының қабылдануы. Құнды жәдігер Музей түні алғаш рет көпшілік назарына ұсынылды. Сондай-ақ, музейдің 45 жылдығына арналған архивтік фотосуреттер мен құжаттардан құралған арнайы көрме ұйымдастырылды.

«Кейінгі жылдары музей қорында құнды жәдігерлер саны артып келеді. Жыл басында Димаш Құдайберген ұстаған домбыра қабылданса, алдағы уақытта Португалияның ұлттық музыкалық аспаптарын қорға алу жоспарланған. Қазіргі таңда музей қорында әлемнің 50-ге жуық ұлттың мыңнан астам музыкалық аспабы сақтаулы. Жалпы қордағы жәдігерлер саны 1330-дан асады. Олардың қатарында музыкалық аспаптардан бөлек сирек кітаптар, ноталар мен пластинкалар да бар», – деді бөлім жетекшісі.

Мәдени кеш түнгі сағат 00.00-ге дейін жалғасты. Ал сағат 23.00-де музей алдында ашық аспан астында қазақ музей ісінің негізін қалаушылардың бірі – Өзбекәлі Жәнібеков туралы «Дара» биографиялық фильмі көрсетілді.

**Гүлжанат  
СЕМБАЕВА**

Театрландырылған экскурсиялар ұйымдастырылып, Қорқыт, Құрманғазы, Біржан сал образдарын сомдаған актерлер күй тартып, ән шырқады. Музей сыртында аспап жасау, сурет салу бойынша шеберлік сабақтары өтті. Ал сахнада этно-фольклорлық «Сазген сазы», «Ақжауын», «Парасат», «Арқайым» ансамбльдері, сондай-ақ Жанар Айжанова, Ерболат Құдайбергенов, Еркін Құдайбергенов және «Алатау серілері» тобы өнер көрсетті. Тіпті, музейге келушілер жасанды интеллект көмегімен әзірленген арнайы фотозонада этнографиялық және әлемдік стильдегі бейнелермен естелік суретке түсу мүмкіндігіне ие болды.

Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінің бөлім жетекшісі Да-



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ӨНЕР

# ӨМІРДІҢ ӘР СӘТІ

**«Бейнеленген дүние»  
көрмесінде**

**Almaty Gallery суретші-мүсінші, дизайнер, фотожурналист, ұстаз-ғалым Дәурен Мақсұтханұлының «Бейнеленген дүние» деп аталатын жеке көрмесін ұсынды.**

Тәуелсіздігінің 35 жылдығына, фотография өнерінің пайда болғанына 200 жыл толу құрметіне арналды.

Қазақстан Журналистика академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев, танымал фотографтар Нұрманбет Қизатұлы, Асылхан Әбдірайымұлы және өзге де тілектес жандар Дәурен Мақсұтханұлының кәсіби деңгейі мен шығармашылық дарынын ерекше атап өтті.

«Бейнеленген дүние» көрмесінде ағаш, қола және өзге де материалдардан жасал-

ған мүсіндер, майлы бояумен салынған кескіндеме жұмыстары, АҚШ, Түркия, Өзбекстан және Қазақстанда түсірілген сәулеттік фотосуреттер, сондай-ақ Әбу Насыр әл-Фарабидің өмірі мен ғылыми мұрасына арналған деректі фильмдер топтамасы ұсынылған. Жалпы экспозиция 80-нен астам шығарманы қамтиды.

Айта кетейік, Дәурен Мұхамеджанов «Болашақ» бағдарламасының түлегі (NYFA, АҚШ). Өнер саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де айналысады.

Көрменің дәл ортасында бірден көзге түсетін «Арғымақ және Алматы» картинасы екені сөзсіз.

– Өзім жылқы жылы туғанмын. Бұл картинаны салуыма күнтізбедегі Жылқы жылы себепші болды. Өзім осы жылы дүние келгенмін. Сондықтан бұл тақырып мен үшін ерекше мәнге ие. Картинаның тұтас бейнесін, жарығы мен композициясын алдын ала мұқият ойластырып алдым. Шамамен, екі ай жаздым, – дейді көрме авторы.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

**Нұржамал  
ӘЛІШ**